Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ОБЪЕКТІЛЕРІ

ДОШКОЛЬНЫЕ ОБЪЕКТЫ ОБРАЗОВАНИЯ

ҚР ЕЖ 3.02-110-2012*
СП РК 3.02-110-2012*

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Нұр-Сұлтан 2020

ҚР ЕЖ 3.02-110-2012*
СП РК 3.02-110-2012*

АЛҒЫ СӨЗ

1	**ӘЗІРЛЕГЕН:**	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС
2	**ҰСЫНҒАН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3	**БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатыныз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің техникалық және лингвистикалық тексеру жүргізу тапсырмасына (2016 жылғы 7 қарашадағы № 38-02-5-1542 хаты) сәйкес құжат мәтіні өзгертілді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстары комитетінің 09.06.2016 жылғы 153-НҚ, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2018 жылғы 23 қарашадағы №240-НҚ және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2020 жылғы 10 қаңтардағы №7-НҚ бұйрықтарына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді

ПРЕДИСЛОВИЕ

1	**РАЗРАБОТАН:**	АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД»
2	**ПРЕДСТАВЛЕН:**	Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3	**УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:**	Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 29 декабря 2014 года №156-НҚ

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

Текст документа откорректирован в соответствии с поручением Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства национальной экономики Республики Казахстан (письмо № 38-02-5-1542 от 7 ноября 2016 года) по технической и лингвистической проверке

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказами Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан №153-НҚ от 09.06.2016 года, Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 23 ноября 2018 года №240-НҚ и Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 10 января 2020 года №7-НҚ.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ V
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ 1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР 2
4 ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР 3
4.1 Жалпы ережелер 3
4.2 Жер телімін орналастыру, ұйымдастыру және жабдықтау 4
4.3 Өрт қауіпсіздігі 7
4.4 Көлемдік-жоспарлық шешімдер 9
4.4.1 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарының тұрпаттары 9
4.4.2 Балалар негізгі болатын бөлмелер 13
4.4.3 Мамандандырылған, ілеспе және қызметтік-тұрмыстық бөлмелер 15
4.4.4 Заттай-кеңістіктік орта, стационарлық жабдықтар және бөлмелерді әрлеу 17
4.4.5 Мектепке дейінгі түзету үлгісіндегі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарын жобалау 20
4.4.6 Жалпы білім беру мектептерінің бастауыш сыныптарын балабақша ғимараттарына орналастыру 24
4.5 Ғимараттың конструктивтік шешімі мен құрылыс конструкцияларын есептеу әдістері 24
4.6 Инженерлік желілер мен жүйелерді жобалау 25
4.6.1 Сумен қамту және кәріз жүйесі 25
4.6.2 Жылыту және желдету 26
4.6.3 Электрмен жабдықтау, электрлік жарықтандыру және әлсіз тоқты құрылғылар 27
4.7 Пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін іс-шаралар 29
4.8 Аумақты мүмкіндігі шектеулі топтардың қолжетімділігін ескере отырып ұйымдастыру 30
4.9 Қоршаған ортаны қорғау 31
5 ҒИМАРАТТЫҢ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ 31
5.1 Энергиялық ресурстарды қысқарту, жылу шығынын азайту 31
5.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану 33
А қосымшасы (ақпараттық) Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің түрлері. Ғимараттар мен кешендердің тұрпаттары 35
Б қосымшасы (ақпараттық) Бұқаралық құрылыс нысандары ретінде ұсынылатын мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарының номенклатурасы 38
В қосымшасы (міндетті) Топтық ұяшықтар бөлмелерінің құрамы 39
Г қосымшасы (міндетті) Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдары ғимараттарының функционалдық құрылымы 41
Д қосымшасы (ақпараттық) Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарының мамандандырылған бөлмелерінің құрамы мен аудандары 42

Е қосымшасы (міндетті) Топтық ұяшықтардың негізгі бөлмелерінің аудандары 44
Ж қосымшасы (ақпараттық) Топтық ұяшықтардың қосымша бөлмелерінің аудандары 45
К қосымшасы (міндетті) Ілеспе және қызметтік-тұрмыстық бөлмелердің құрамы мен аудандары 46
Л қосымшасы (ақпараттық) Түзеу үлгісіндегі балалар топтарының толымдылығы 48
М қосымшасы(міндетті) Түзеу үлгісіндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарының топтық ұяшықтарының құрамы мен аудандары (тірек-қимыл аппаратының бұзушылығы бар балаларға арналған МДТБҰ-нан басқа) 49
Н қосымшасы (міндетті) Жалпы үлгідегі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарына арналған санитарлық-техникалық жабдықтар саны 50
П қосымшасы (міндетті) Ауаның есептік температурасы және алмасу жиілігі 52
Р қосымшасы (ақпараттық) Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдары бөлмелеріндегі жасанды жарықтандыру 53

КІРІСПЕ

Осы құжат сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметі саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды жетілдіруді іске асыру мақсатында нормалаудың параметрлік әдісіне сәйкес Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы нормативтік базаны реформалау шегінде әзірленді.

Осы ережелер жинағы мектепке дейінгі білім беру нысандарының ғимараттарына қолданылатын «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің дәлелдемелік базасына кіретін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады.

Осы ережелер жинағы ҚР ҚН «Мектепке дейінгі білім беру объектілері» жұмыс сипаттамаларының талаптарына қолайлы шешімдер мен параметрлерді белгілейді және олардың талаптарын орындаудың бірден-бір тәсілі болып табылмайды.

Қолайлы шешімдер әдісі ғимаратты пайдалану деңгейін (негізгі мақсаты немесе функциясын), ғимаратты пайдаланушылар үшін қауіпті тәуекелдік факторларды және қауіптілік сипатын (ішкі немесе сыртқы), пайдаланушылар санын (келушілер, қызметкерлер), адамдардың, оның ішінде халықтың әлсіз топтары бөлігінің (сәбилер, кішкентай балалар, ақыл-есі дұрыс емес немесе басқа да кемшіліктері бар адамдар) жұмыс істеу ұзақтығын және т. б. жағдайлар мөлшерін ескере отырып қабылданады.

БЕЛГІ ҮШІН

ҚР ЕЖ 3.02-110-2012*
СП РК 3.02-110-2012*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ОБЪЕКТІЛЕРІ

ДОШКОЛЬНЫЕ ОБЪЕКТЫ ОБРАЗОВАНИЯ

Енгізілген күні – 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы ережелер жинағы мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарының ғимаратын орналастыруға, жер теліміне, көлемдік-жоспарлық шешіміне, инженерлік қондырғыларға қолайлы шешімдерді белгілейді.

1.2 Осы ережелер жинағы меншік түріне қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында жобаланатын, салынатын, реконструкцияланатын мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарына таратылады.

1.3 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарының тұрпаты мен түрі жобалау тапсырмасы бойынша анықталады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережелер жинағын қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР ЕЖ 2.04-104-2012 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ЕЖ 3.01-101-2013 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ЕЖ 3.02-111-2012 Жалпы білім беру мекемелері.

ҚР ЕЖ 3.06-101-2012 Ғимараттар мен имараттарды халықтың қимылы шектеулі топтары үшін қолжетімділіктің есебімен жобалау.

ҚР ЕЖ 4.01-101-2012 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ЕЖ 4.02-101-2012 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ЕЖ 4.04-106-2013 Тұрғын және қоғамдык ғимараттарды электрмен жабдықтау. Жобалау ережелері.

Ескертпе - Осы құрылыс нормаларын пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жағдай бойынша жасалатын «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесі», «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттар көрсеткіштері» және «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» ақпараттық тізімдемесі және ай сайын шығатын тиісті ақпараттық бюллетень- журнал бойынша тексерген жөн.

Ресми басылым

Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгерсе), онда осы нормативті пайдаланған кезде бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгерсе), онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз күшін жойса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігіне қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында осы нысандарға арналған нормативтік документерде келтірілген терминдер және анықтамалар, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Апаттық шығу:** Эвакуациялық жолдарға, тікелей сыртқа немесе қауіпсіз аймаққа апаратын шығу жолы (есік, люк).

3.2 **Мектепке дейінгі тәрбиелеу кешені:** Тұрғын ауданға, кварталға немесе оның бөлігіне қызмет көрсететін жеке тұрған немесе ғимараттардың жанына құрылған (кіріктірме-жапсарлас) ғимараттардың және «Баланы дамыту орталығы» негізінде біріккен және басқа мектепке дейінгі мекемелердегі балалар топтарына балалар ертеңгіліктеріне, қойылымдарына арналған кешен (зал-алаң) қосымша мүмкіндіктерін ұсынатын әкімшілік, әдістемелік және функционалдық үйлестіруді жүзеге асыратын мектепке дейінгі мекемелер жүйесі (6 - 12 мекеме).

3.3 **Лоджия:** Кірікірме немесе жапсарла, сыртқа қарай ашық кеңістік, үш жағынан қабырғамен қоршалған (бұрышта орналасса - екі жағынан қабырғамен) сыртқы қабырғаға жалғасқан бөлмені табиғи жарықтандыру талаптарымен шектелген тереңдігі бар бөлме. Шыныланған болуы мүмкін.

3.4 **Шағын МДТБҰ:** Тәрбиеленушілерді дамытуда (зияткерлік, көркем-эстетикалық, дене және т. б.) бір немесе бірнеше бағыттарды басым жүзеге асыратын балабақша:

а) санитарлық-гигиеналық және емдеу-сауықтыру шараларын басым жүзеге асыратын қарау және сауықтыру балабақшасы;

б) құрама үлгідегі балабақша (балалар топтарының жоғарыда аталған қызмет бағыттарын қоса атқаратын негізде. Мекеме құрамына сонымен қатар дамуы жағынан жеңіл кемістігі бар балалар үшін түзету үлгісіндегі балалар топтары да қарастырылуы мүмкін).

3.5 **Мансардтық терезе:** Шатырдың көлбеу жазықтығында орналасқан терезе.

3.6 **Серуендеу топтары:** Әдеттегідей, көп пәтерлі тұрғын үйдің бірінші қабатында орналасқан үйлерінде ұйықтайтын және тамақ ішетін 1-2 топ балаларға арналған мектепке дейінгі білім беру нысаны. Басты қызметі - таза ауада серуендеу.

3.7 **Оқыту-тәрбиелеу кешені:** Тәрбиеленушілерді дамытудың бір немесе бірнеше бағытын басымдықпен жүзеге асыратын балабақша.

3.8 **Жертөле қабаты:** Жердің жоспарланған белгісінен төмен биіктігі бөлме биіктігінің жартысынан артық бөлме еденінің белгісі бар қабат.

3.9 **Техникалық қабат:** Инженерлік жабдықты және төсеу коммуникацияларды орналастыруға арналған қабат. Ол ғимараттың төменгі (техникалық еден асты қоймасы), жоғарғы (техникалық шатыр) немесе ортаңғы бөлігінде орналастырылуы мүмкін.

4 ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарының (бұдан әрі-МДТБҰ) нысандарын 3 қабаттан жоғары жобаламайды. МДТБҰ ғимаратының 3-ші қабатына естияр жас (4 жастан бастап) тобындағы балалардың топтық ұйымдарын, залдар мен жұмысқа арналған басқа арнайы бөлмелер, қызметтік-шаруашылық және демалу бөлмелері орналастырады.

Көп пәтерлі тұрғын үйдің бірінші қабатында орналасқан нысандардың шығу есігі тұрғын үйдің кіреберіс есігінен бөлек болуы тиіс.

4.1.2 Тірек-қимыл жүйесінің бұзушылығы бар және көрмейтін (зағип) балаларға арналған арнайы түзету оқыту ұйымдары ғимараттарының 2 қабаттан жоғары болмауы қарастырылады. Естімейтін (саңырау) және өте ауыр тіл кемістігі бар балалар үшін 3 қабатты ғимарат салуға жол беріледі.

4.1.3 Нысандар жеке ғимаратта немесе бірнеше бөлек ғимараттарда орналасуы қажет. Ғимараттарды жылы өтпе жолмен байланыстыруға жол беріледі. IV климаттық ауданда орналасқан ғимараттар үшін жылытылатын өтпе жолдарды орналастыру қажет емес.

4.1.4 МДТБҰ барлық бөлмелерінің (залдан басқа) биіктіктері 3,0 м төмен болмауы, дене шынықтыру залы мен музыкалық сабақтарға, балалар ертеңгіліктеріне және қойылымдарына арналған зал алаңдарының биіктігі 6,0 м төмен болмауы қарастырылады.

4.1.5 Жалпы дамытатын үлгідегі мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу ұйымдарының ұсынылатын түрлері:

а) тәрбиеленушілерді дамытуда (дене, зияткерлік, көркем-эстетикалық және т. б.) бір немесе бірнеше бағыттарды басым жүзеге асыратын;

б) тәрбиеленушілердің физикалық дамуындағы ауытқушылықтарды квалификацялық түзеуді басым жүзеге асыратын түзету үлгісіндегі;

в) гигиеналық және емдеу-сауықтыру шараларын басым жүзеге асыратын қарау және сауықтыру үлгісіндегі;

г) құрама үлгідегі (балалар топтарының жоғарыда аталған қызмет бағыттарын қоса атқаратын негізде);

д) тәрбиеленушілерді дене және жалпы дамыту, қолдау және сауықтыру сипатындағы балабақша (Баланы дамыту орталығы).

4.1.6 Саралап оқыту бағдарламасына сүйене отырып, сонымен қатар жарты топ бойынша ойындарды ұйымдастыру және балалармен жеке жұмыс жасау үшін, әдеттегідей, сабақ жүргізу барысында балалар тобы 10 баладан 2 шағын топқа бөлінеді.

Шет тілі үйірмелеріндегі балалар саны 10 баладан аспауы тиіс, ал басқа үйірмелер мен секцияларда 20-дан аспауы тиіс.

4.1.7 МДТБҰ ғимараттары мен кешендерінің типі мен түрі А қосымшасын ескере отырып, жобалауға берілген тапсырмамен анықталады.

4.1.8 Оларды орналастыру ерекшеліктерін ескере отырып, жаппай құрылыс салу

үшін МДОТҰ типінің ұсынылатын номенклатурасы Б қосымшасында келтірілген.

4.1.9 Балалардың мектепке дейін тәрбиелеу және білім беру ұйымдарымен қамтамасыз етілуінің есептік деңгейін 85 % шегінде қабылдау керек, оның ішінде жалпы типтегі - 70 % (мемлекеттік және жеке меншік МДТБҰ үшін); мамандандырылған-түзету үлгісіндегі - 3 %; сауықтыру, қысқа мерзімді және тәулік бойғы - 12 %.

4.2 Жер телімін орналастыру, ұйымдастыру және жабдықтау

4.2.1 МДТБҰ жеке тұрған ғимараты жер телімінің жалпы алаңы мынадай сыйымдылық кезінде 1 орынға шаққан есептен қабылданады: ҚР ЕЖ 3.01-101 және қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес 100 орынға дейін – кемінде 40 м^2, 100 орыннан жоғары – кемінде 35 м^2; 500 орыннан жоғары – кемінде 30 м^2.

Жер телімдерінің өлшемдері қысқаруы мүмкін: қайта жөндеу жағдайларында - 25 % дейін; 20 % артық бағытпен рельефке орналастыру барысында - 15 % дейін; жаңа салынған елді мекендерде (көгалдандыру алаңдарын қысқарту есебінде) - 10 % дейін.

4.2.2 Бөбектер тобындағы балаларға арналған топтық алаңдардың алаңы 1 орынға кемінде 7,5 м^2 қабылданады. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойын алаңын жалпы типтегі МДТБҰ учаскесінен тыс орналастыруға жол беріледі.

4.2.3 Дене және ақыл-ой дамуы жағынан кемістіктері бар балаларға арналған арнайы (түзету) білім беру ұйымдарына 2,2 гектардан кем емес жер телімінің ауданы қарастырылады.

4.2.4 Балабақшаларды тұрғын құрылыс алаңдарына жаяу жүру радиусы (R) 500 м болатындай және ҚР ЕЖ 3.01-101 сәйкес орналастыру керек.

4.2.5 Жер телімінің көлемі 1 орынға шаққанда есту қабілеті бұзылған балалар үшін 50 м^2, көру мен ойлау қабілеті бұзылған балалар үшін 60 м^2, тірек-қимыл аппаратының бұзушылығы бар балалар үшін 65 м^2 кем болмауы тиіс.

4.2.6 Тірек-қимыл аппаратының бұзушылығы бар балалар үшін аумақтағы жолдар мен жаяу жолдардың көлбеуі 5 градустан аспауы, жолдың ені 1,6 м кем болмауы қарастырылады. Бұрылыстарда және әрбір 6 м аспайтын аралықта демалу алаңдары орналастырылады.

4.2.7 Нысанның жер телімінің ғимараттан қызыл сызыққа дейінгі арақашықтығы 25 м, ал ауыл елді мекендерінде 10 м кем болмауы тиіс.

4.2.8 Жер телімдері автомобиль санына қарай гараж бен ашық тұраққа дейінгі қашықтыққа бөлінеді:

а) 10 көлікке дейін - 15 м кем емес;

б) 10 бастап 100 көлікке дейін - 25 м кем емес;

в) 100 жоғары көлікке - 50 м кем болмауы тиіс.

4.2.9 Егер МДТБҰ ғимараты «шудан қорғалған» ретінде жобаланса (топтар алаңы шу шығатын жерден қарама-қарсы жаққа қараған), онда ойнау алаңын топтар алаңы жағынан орналастырған жөн.

4.2.10 Арнайы жағдайларда (МДТБҰ кіріктірме, МДТБҰ ғимаратының жеткіліксіз немесе күн сәулесі тік түспейтін аймағы және т. б.), мемлекеттік санитарлық қадағалау

органдарының келісімі бойынша, бір бөлігін немесе барлық ойын аймағын МДТБҰ ғимаратынан немесе оған жалғасқан жер телімінен бөлек орналастыруға жол беріледі. Ғимаратқа кіреберістен немесе жер телімінің шекарасынан ғимараттан бөлек орналасқан жер теліміне дейін 50 м аспайтын арақашықтықты қабылдау керек.

4.2.11 Ойын аумағының алаңы мыналарды қамтиды:

- алаңы бір орынға шаққанда 6 м^2 болатын әр балалар тобына жеке-дара арналған топтық алаңшалар;

- әр балалар тобы бойынша 120 м^2 есебімен алынған көгалдандыру алаңы;

- саны 9 және одан да көп топтан тұратын МДТБҰ үшін алаңы 250 м^2 жалпы дене шынықтыру алаңшасы.

4.2.12 Топтық алаңдарды топтық алаңдардың арасындағы өткелдер арқылы биіктігі кемінде 1,5 м қоршаумен бөлуге жол беріледі.

4.2.13 Ойын алаңы құрамына қосымша келесі элементтерді енгізуге жол беріледі: үлкен өлшемді ойыншықтар алаңы, шаңғы жолы, қысқы мұз айдын, велосипед жолы, жолда жүру ережесін үйренуге арналған алаң. Басқа элементтер білім беру органдарының келісімі бойынша рұқсат етіледі.

4.2.14 Әр топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғау үшін жалпы ауданы кемінде 20 м^2 еденнің ағаш жабыны бар көлеңке қалқа болуы керек. Еден төсемі ағаш болуы керек. Шағын ауданында көлеңке қалқаны екі жағынан қоршайды.

4.2.15 Көп пәтерлі тұрғын үй ғимаратының, жеке үйдің бірінші қабатында орналасқан, сонымен қатар тұрғын үй ғимаратына кіріктірме-жапсарлас МДТБҰ жанындағы аймаққа МДТБҰ 50 м артық емес және МДТБҰ ғимаратының немесе көп пәтерлі тұрғын үй ғимаратының сыртқы қабырғасынан 10 м кем емес (жеке тұрғын үйлер үшін 5 м кем емес) қашықтықта тек ойын алаңын салуға жол беріледі.

4.2.16 Қысқа мерзімді қарау кезекші топтардың ойын алаңы көгалдандырылған үй жанындағы аймаққа әр балалар тобы үшін ауданы 60 м^2 кем емес және алаңдар аралығындағы қажетті шегінулері мен бөлінулері бар топтық алаңдар ретінде орналастырылады.

Ескертпе - Егер қысқа мерзімді қарау топтарының ойын алаңы ғимараттағы ашық терассамен алмастырылса, онда әр топ үшін терасса ауданы кемінде 30 м^2 қабылданады.

4.2.17 Ойын алаңдары балалардың жасы мен бойына сәйкес жабдықтау және сенімді және берік бекітуді қамтамасыз ету керек. Құрал-жабдықтардың бетінде шығыңқылар мен бұдырлар, шығыңқы бұрандалар болмауы тиіс, оның беткі қабаты су өтпейтін және тазалауға оңай болуы шарт.

4.2.18 Алаңдардағы құрал-жабдықтардың ең биік биіктігі әр жастағы топтарға байланысты қарастырылады:

а) 12 бастап 24 айға дейін - 0,9 м;

б) 2 бастап 5 жасқа дейін - 1,2 м;

в) 5 бастап 7 жасқа дейін - 1,4 м.

4.2.19 Ойын құрал-жабдықтарының алаңдарын бір бірінен 0,9 м кем емес қашықтықта орналасқан қорғайтын бөгеттермен және биіктігі 0,5 бастап 0,75 м дейін

тұтқалармен бірге орнату ұсынылады.

4.2.20 Ойын құрал-жабдықтарының ең биік биіктігі жастарына байланысты 1-кесте бойынша қарастырылуы керек.

1-кесте - Ойын құрал-жабдықтарының биіктігі

Метрмен

Ойын құрал-жабдығы	1 - 2 жас	2 - 5 жас	5 - 7 жас
Гимнастикалық бөрене	–	0,3	0,4
Тұтқалар	–	–	1,4
Турник	–	1,5	2,1
Аспалы көпір	–	0,76	1,2
Тар жол	–	1,5	1,5
Құрастырылған тар жол	–	1,2	1,4
Доғал жол	–	–	1,5
Арқанмен өтетін жол (90º бұрышты)	–	2,4	2,4
Арқанмен өтетін жол (60º бұрышты)	–	–	1,4
Гимнастикалық қада	–	–	1,4
Көлденең баспалдақ	–	1,5	2,1
Параллель бөренелер	–	–	0,9
Күрке	1,8	1,8	1,8
Сақиналы турник	–	–	2,1
Төбешік	0,9	1,2	1,4
Серіппелі әткеншектер	–	0,7	–
Әткеншектер	2,1	2,4	2,4
Айналатын әткеншектер	–	2,4	2,4
Туннель	0,9	1,2	1,4

4.2.21 «Отбасылық балабақша» үлгісіндегі МДТБҰ жер телімі көгалдандырылған үй жанындағы аумақтағы ауданы кемінде 60 м^2 топтық алаң ретінде қарастырылады және өсімдіктен жасалған қоршаумен қоршалған болуы мүмкін.

4.2.22 Шаруашылық аймақ құрамына қосымша жемістерді сақтау қоймасын (ауданы 30 м^2 кем емес), жеміс-жидек бау-бақшасын, үй жануарлары мен құстарды ұстауға арналған алаңды, көмекші шаруашылықтың басқа элементтерін қосуға рұқсат

етеді (білім беру мен мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарының келісімі бойынша).

4.2.23 Қоқыс жинағыштар ғимараттан 25 м кем емес қашықтықта бетондалған немесе асфальтталған алаңда үш жағынан қоршалып орналастырылады.

4.2.24 Сыйымдылығы 4 топтан аспайтын кіріктірме (топтық бөлімшелерде), тұрғын үйлермен тұйықталатын шағын МДТБҰ-да, сондай-ақ серуендеу топтарында ойын аймақтары ретінде аймақтар арасында қажетті бос жерлері мен санитарлық бөлінген жерлері бар үй маңайындағы аумаққа орналастырылған топтық алаңдарды қарастыру ұсынылады (4.2.8. т.т.).

4.2.25 Жалпы тұрпаттағы МДТБҰ кезінде, кіріктірме шағын МДТБҰ (бөлімшелер) кезінде тағам блогы, кір жуатын жер үшін жүктеме алаң қарастырылады.

4.2.26 Нысанның жер телімінің аумағындағы еріген және жаңбыр суларын ағызу қарастырылады.

4.2.27 Аумақтағы шолу құдықтары тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталады.

4.2.28 МДТБҰ аумағының жанына 3 - 5 балаға 1 орын есебінен ата-аналар үшін 4.2.8-т. сәйкес қашықтықта орналасатын тұрақ қарастыру ұсынылады.

4.3 Өрт қауіпсіздігі

4.3.1 МДТБҰ ғимаратының өрт қауіпсіздігі және өрт бөлімшелерінің кіруі өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4.3.2 Отқа төзімділігі III дәрежедегі МДТБҰ ғимараттарында ішкі өртке қарсы су құбырын су шығыны 2,5 л/сек кем емес 2 ағын мөлшерінде жобалаған жөн.

4.3.3 Автоматты өрт сигнализациясын дәретханадан, душтан, кір жуу бөлмесінен, көкністерді сақтау қоймасынан, салқындатқыш камерадан, бойлерлік, сорғы, желдету камераларынан басқа барлық жайларда қарастыру керек.

4.3.4 Басқыш алаңдарын байланыстыратын дәліздерді әр топтық ұйымдардан дәліздің әр түрлі бөліктеріне шығуды қамтамасыз ету үшін ернеуінде тығыздатқыш орнатылған өздігінен жабылатын есіктермен бөлу қажет.

4.3.5 Топтық ұяшықтан сыртқа шығу жолдарындағы есіктер ені кемінде 0,9 м, ал топтық ұяшықтардан эвакуацияланатын адамдар саны 15-тен жоғары болса, кемінде 1,2 м қабылданады.

4.3.6 Балабақша ғимараттарындағы сыртқа шығу жолдары дәлізі мен галереялардың енін кемінде 1,4 м қабылдау керек.

Мүгедектер кресло-арбасымен қозғалатын мүгедектердің қолжетімділігін ескере отырып жобаланатын ғимараттар аймағындағы эвакуациялық жолдардың дәліздері мен галереялардың енін кемінде 1,6 м қабылдау керек.

4.3.7 Ғимаратта кез-келген жерден сыртқа шығу үшін қауіпсіз және еркін жүру жолдары қамтамасыз етілуі қажет.

4.3.8 Сыртқа міндетті шығу жолдары кілт немесе басқа құралдардың пайдалануысыз ғимараттан сыртқа қарай бағытта ашылатын болуы қажет.

4.3.9 Бір және екі қабатты МДТБҰ ғимараттары оның сыйымдылығына қарамастан, отқа төзімділігі III дәрежеден төмен болмауы тиіс. Үш қабатты МДТБҰ ғимаратының отқа төзімділігі ғимарат сыйымдылығына қарамастан II дәрежеден төмен болмауы тиіс.

4.3.10 МДТБҰ тұрғын үйлерге немесе мектеп ғимаратына кіріктіре салғанда, оқшаулағанда, олардың жайлары өртке қарсы I-ші тұрпатты арақабырғалармен және III-ші тұрпатты аражабынмен бөлінуі тиіс.

4.3.11 Үшінші қабатқа тек ересек топтарға арналған бөлмелерді, музыкалық және дене шынықтыру сабақтарына арналған залдарды, сонымен қатар қызметтік-тұрмыстық бөлмелерді және серуендеу дәліздерін орналастыруға болады.

4.3.12 Екінші және үшінші қабаттағы бөлмелерден екі басқыш алаңдарға дайындықсыз тез арада шығу қарастырылуы қажет.

4.3.13 Биіктігі 0,15 м және одан да артық болатын деңгей айырмаларында сәйкесінше баспалдақтар (пандустармен) және қоршаулар болуы тиіс.

3-тен артық басқышы бар баспалдақтардың балаларға арналған тұтқасы болуы тиіс.

4.3.14 Тұтануды байқауға, өрт туралы дабылдама беруге, өртті өшіру немесе бақылауға арналған барлық жүйелер, құрылғылар мен жабдықтар немесе олардың кейбір құрамдары жұмыс істеп тұрған күйде болуы тиіс.

4.3.15 Ішінде адамдардың бар-жоқтығына қарамастан, МДТБҰ ғимараттарында түтінді, өртті хабарлаушылардың бірі немесе бірнешеуі орналастырылуы және жұмыс істеп тұрған күйде болуы қажет. Олар мынадай орындарда орналастырылуы тиіс:

а) ұйықтайтын бөлмелерден тікелей жақын ұйықтайтын әр бөлек аймақтың шетінен тыс бөлменің төбесінде немесе қабырғасында;

б) ұйықтауға арналған әр бөлмеде;

в) дәліздерде, баспалдақ ойықтарында және т. б.;

г) шатыр бөлмесінен басқа, жер асты қабаты мен жертөле қабатын қоса алғанда МДТБҰ ішінде әр қабатта.

4.3.16 Өртті қолмен хабарлаушыларын қабырғаларға және жер немесе еден деңгейінен 1,5 м биіктікте конструкцияларға орналастыру керек.

4.3.17 Өртті қолмен хабарлаушыларын келесі қашықтықта орналастыру керек:

а) ғимараттың ішінде бір бірінен 50 м артық емес;

б) ғимараттың сыртында бір бірінен 150 м артық емес;

в) хабарлаушыны еркін алуға кедергі болатын басқа басқару тетіктері мен заттардан 0,75 м кем емес.

4.3.18 МДТБҰ өрт сигнализациясы жергілікті бөліммен немесе жедел қызметпен тікелей байланысқан болуы тиіс.

4.3.19 Аймақтарға бөлу мүмкіндігі бар командалық микрофонды өрт сигнализациясының панелімен қатар орналастыру керек. Хабарлау аймағының эвакуациялық аймақтармен және кезеңдік эвакуациямен сәйкес келуін қамтамасыз ету қажет.

4.3.20 Өрт сигнализациясының жүйесі мыналармен байланысуы тиіс:

а) ғимаратты басқару жүйесімен;

б) телефонмен;

в) радио байланысымен;

г) кедергісіз эвакуация және өрт бригадасының кедергісіз ену (кіреберіс кедергілер және т. б.) мүмкін болу үшін бақылау жүйелерімен.

4.4 Көлемдік-жоспарлық шешімдер

4.4.1 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарының тұрпаттары

4.4.1.1 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымы бекітілген тәрбиелеу мен оқыту бағдарламалар негізінде 1 бастап 6 (7) жасқа дейінгі балаларға тәрбиелеу, оқыту, күтім жасау және оларды қарау бойынша педагогикалық және медициналық қызметтерді, сонымен қатар, ата-аналарға немесе оларды алмастыратын тұлғаларға әдістемелік көмекті ұсынады.

4.4.1.2 Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің есептік сыйымдылығы (орындардың жалпы саны) ұйымдық құрылым, балалар тобының есептік сыйымдылығы, қала құрылысы және әлеуметтік-демографиялық жағдай нәтижесінде жобалауға арналған тапсырмамен анықталады.

3 жасқа дейінгі балалар топтарының саны жалпы сыйымдылықтың 25 % артық болмауы тиіс. МДТБҰ ғимараты орындарының есептік саны 500 аспауы тиіс.

4.4.1.3 МДТБҰ балалар топтарының есептік толымдылығын екі жасқа дейінгі балалар үшін кемінде 10 орын; 3 жасқа дейінгі балалар үшін – кемінде 20 орын; 3 бастап 7 жасқа дейінгі балалар үшін – кемінде 25 орын етіп қабылдау керек.

4.4.1.4 МДТБҰ топтық ұяшықтарды әмбебап етіп жобалау ұсынылады: 3 жасқа дейінгі балалар тобының ұяшығында 15 баланы орналастыру, 3 жастан басталатын балаларға арналған топтық ұяшыққа – 20 баланы орналастыру үшін қажетті алаң мен санитарлық-техникалық қондырғылар жиыны болуы тиіс.

4.4.1.5 МДТБҰ-ның тиімді сыйымдылығы 50, 95, 140, 190 және 280 орынды құрайды.

4.4.1.6 Қысқа мерзімді қараудың серуендеу топтарындағы орын саны жобалауға берілген тапсырмамен анықталады және ықшамауданның (елді мекеннің) әрбір 1000 тұрғынына қысқа мерзімді қараудың серуендеу топтарына 5 орыннан, кезекші топтарға 1 орыннан бекітіледі.

4.4.1.7 МДТБҰ жеке бөлек тұрған және жапсарлас (тұрғын үйлерге жапсарлас) ғимараттар болып қарастырылуы мүмкін.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымы - жалпы білім беру мектептерінің бірінші сыныптарымен бірге, сонымен қатар, ғимараттарда және телімдерде де БДО мектеп және мектепке дейінгі бөлімдерді ішінара қызметтік және кеңістіктік оқшаулау жағдайында жеке немесе жиынтықпен жобаланады.

4.4.1.8 Топтық ұяшықтар түрлерінің жиынтығы мен олардың құрамы, сонымен қатар МДТБҰ ғимаратындағы арақатынасы жобалау тапсырмасымен В қосымшасына сәйкес немесе балалардың жасын іріктеуге сүйене отырып есептеу бойынша анықталады.

Ескертпе – Жергілікті басқару және білім органдарының келісімі бойынша жалпы тұрпаттағы

МДТБҰ әмбебап ғимараттарындағы ясли тобындағы (3 жасқа дейінгі балалар) топтық ұяшықтарды 3 жастан бастап балалардың топтық ұяшықтарына ұқсас жайлардың құрамы мен алаңы бойынша жобалауға жол беріледі.

4.4.1.9 Әртүрлі үлгідегі МДТБҰ-ның қызметтік құрылымы Г қосымшасы бойынша қабылданады.

4.4.1.10 МДТБҰ ғимараттарының жоспарлы құрылымында әрбір нақты балалар тобының негізгі орны болып табылатын, топта шағын топтар мен балаға жеке сабақ өткізу, ойындар, сауықтыру шараларын, демалыс, күндізгі ұйқы, киіну, тамақтандыру сияқты іс-шараларды жүзеге асыратын топтық оқшаулау қағидасын қарастыру қажет.

4.4.1.11 Мемлекеттік санитарлық қадағалау органдары келісім берген жағдайда, тамақтану залында бір уақытта 2 топтың балаларын тамақтандыруды ұйымдастыруға жол беріледі.

4.4.1.12 МДТБҰ музыкалық және гимнастикалық сабақтарына арналған залдарында жалпы шаралар (мерекелер, балалар қойылымдары) өткізгенде ең көбі 2 топтың балалары (немесе балалардың жалпы саны 50-ден аспайтын), БДО зал алаңында топтардың жалпы саны 5-тен аспайтын (немесе балалардың жалпы саны 100-ден аспайтын) болуы қарастырылады.

4.4.1.13 Топтық ұяшықтары екінші қабатта орналасқан, 4 жасқа дейінгі балалар тобының киім шешетін орнын ғимараттың бірінші қабатындағы кіреберісте орналастыруға жол беріледі.

4.4.1.14 Әрбір топтық ұяшықтың киім шешетін жерінде (немесе, егер киім шешетін орын жеке жоспарланған жағдайда, топтық) ғимараттан шығу үшін ыңғайлы әрі қысқа жол қарастырылуы тиіс.

Топтан шығатын, оның ішінде сыртқы екінші көшу жолы оның кез келген бөлмесінде қарастырылуы мүмкін.

4.4.1.15 МДТБҰ ғимараттарында ең көп дегенде 4 топқа бір кіретін есік болуын қарастырған жөн. Жалпы үлгідегі МДТБҰ 3 жасқа дейінгі сәбилерді даладан бірден кіретін жеке есігі болатындай бірінші қабатқа орналастыру керек.

4.4.1.16 Ғимараттың кіреберісінде тереңдігі кем дегенде 1,6 м болатын тамбур жобалануы қажет.

4.4.1.17 Балалар тобының кіреберісіне қарапайым тамбурдың орнына далаға шығар алдында барлық топ балаларының жиналып тұруына арналған тамбур-шлюздер қарастыруға жол беріледі. Ені 1,6 метрден кем емес, тереңдігі (жол бойымен өтетін қашықтықтан) 6 метрден аспайтын тамбур-шлюзда табиғи жарықтандыру болуы керек.

4.4.1.18 Ғимараттың кіреберісінде сырт жақтан далада серуендеп жүрген балаларға арналған дәретхана қарастырылуы мүмкін.

4.4.1.19 Балалар топтарына кіреберісте әрбіреуінің ауданы 12 м^2 кем емес шана-арбаларға арналған орын қарастырылу ұсынылады.

4.4.1.20 БДО ғимараттарында келетін балалар тобына (көрші МДТБҰ-дан) есеп бойынша, алайда әрқайсысына ауданы кемінде 16 м^2 сырт киім шешетін орын қарастыру ұсынылады.

4.4.1.21 Негізгі дәліздер ені 2 бастап 2,45 м дейін жобаланады.

4.4.1.22 МДТБҰ-да әр залында ауданы Д қосымшасы мен Д.1-кестеге сәйкес қоймасы бар ауданы 80 м^2 кем емес музыкалық және гимнастикалық бір зал болғаны жөн. Балалар қысқа мерзімде болатын МДТБҰ-да музыкалық және гимнастикалық зал қарастырылмайды.

4.4.1.23 Топтар саны 8 бастап 14 дейінгі мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарының кешендерінде ертеңгіліктерге, музыкалық сабақтарға, қойылымдарға арналаған ауданы 120 м^2 кем емес зал алаңы қарастырылады.

4.4.1.24 6-дан артық топ сыятын жалпы үлгідегі МДТБҰ-да оқшаулау бөлмесі бар медициналық бөлмелер жиынтығын бірінші қабатқа ғимараттың кіреберіс есігіне тікелей жақын етіп, немесе оқшаулау бөлмесінен сыртқа жеке шығуды ұйымдастырып орналастыру керек.

4.4.1.25 7 немесе одан артық топ сыятын МДТБҰ-да оқшаулау бөлмесінен сыртқа жеке шығуды қарастыру керек.

4.4.1.26 ТКМ ғимаратында тағам блогын, зал жайларын (мектепке дейінгі және бастауыш оқушылар үшін спорт зал, музыкалық сабақтар, балалар ертеңгіліктері мен спектакльдер үшін жайлар), балалар үйірмелері мен секцияларын, сондай-ақ өтеу және сауықтыру функциялары бар медициналық жайлардың бөлігін мектеп және мектепке дейінгі бөлімшелерде жалпы жобалауға жол беріледі. Осы жайлардың құрамы мен ауданы Қазақстан Республикасының білім және мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарымен келісім бойынша жобалауға арналған тапсырмамен анықталады.

4.4.1.27 Жалпы үлгідегі 6 және одан көп топқа арналған МДТБҰ ғимараттарында кір жуатын бөлме жанына қалада жуылып келетін кірді іріктеуге арналған ауданы 6 м^2 кем емес, сыртқа шығатын есігі бөлек бөлме қарастырылуы керек.

4.4.1.28 Жалпы үлгідегі МДТБҰ-дағы кір жуатын бөлмеде кір мөлшерінің 1/3 бөлігі жуылатыны есебінен жобалануы тиіс. Басқа талаптары, сондай-ақ МДТБҰ-ның басқа үлгілеріндегі кір жуатын бөлмелердің аудандары мен кір жуудың технологиялық сызбасы жобалауға берілген тапсырыспен жергілікті талаптарға байланысты анықталады.

4.4.1.29 Ғимараттың ішінде жалпы байланыс-демалу кеңістігінен кір жуатын және кір кептіру-үтіктеу бөлмесіне кіретін есіктер тамбур арқылы болуы қарастырылады.

4.4.1.30 Бір жақты жарықтандыру кезінде топтық жайлар тереңдігі 6 м аспауы тиіс. Жай тереңдігі 6 м артық болған кезде, терезе екі жақты қарама-қарсы немесе бұрыштық орналасуы (саңылаулық желдетуді қамтамасыз етуі) қажет.

4.4.1.31 Бөлмелер терезелерін көкжиек бағыттары бойынша бағдарын былай қабылдау керек:

а) топтық - 85° бастап 275° дейін жол берілетін секторда 180° (оңтайлы);

б) жатын, медициналық және ем-шара, түзеу бөлмелерінде – жол берілетін кез келген бағдарда 90° (оңтайлы);

в) музыкалық және гимнастикалық залдарда, үйірме бөлмелерінде, оқшаулау палаталарында – жол берілетін кез келген бағдарда 180° (оңтайлы);

г) даярлау цехының ас бөлмесінде – жол берілетін кез келген бағдарда 360° (оңтайлы). МДТБҰ-ны жобалаған кезде ҚР ЕЖ 2.04-104 талаптарын ескеру қажет.

4.4.1.32 Солтүстік ендіктің 60° бастап 45° дейінгі аудандар үшін 200° бастап 275°

дейінгі және оңтүстік ендіктің 45° аудандар үшін 90° бастап 290° дейін азимутындағы топтық, ойын, ұйықтайтын бөлмелердің, залдардың, оқшаулау палаталарының, ас бөлмелері терезелерін бағыттаған кезде күннен қорғайтын құрылғыларды падалану қажет. Күннен қорғайтын құралдар ретінде жарық өткізгіш және жарықты бәсеңдететін қасиеттері бар терезеперделер, күнқағарлар, мақтадан жасалған перделер ұсынылады.

4.4.1.33 Жоғарыдан түсетін табиғи жарықпен топтық ұяшықтардың киім ауыстыратын бөлмелері мен дәретханаларын, балалар мен ересектерді писхологиялық жағынан жеңілдету бөлмелерін («отбасылық бұрыштар»), қызметкерлер бөлмесін, музыкалық және гимнастика залдарын, балалар үйірмелері мен секцияларына арналған бөлмелерді, байланыс-демалу кеңістігінің бөлшектерін жарықтандыруға жол беріледі.

4.4.1.34 Топтық ұяшықтардың дәретханасы мен киім ауыстыратын бөлмелерді екінші жарықпен жарықтандыруға жол беріледі.

4.4.1.35 Буфетте, оқшаулағыштың қабылдау бөлмесінде, қызметкерлер бөлмесінде, қоймаларда (егер төсек-орын беретін қызметкердің бөлмесі жеке қарастырылса, сондай-ақ, таза төсек орын қоймасында), ыдыстар жуатын жерде, коммуникациялық жүйелерде (су өткізу және су жіберу сорғылары, ауаны желдету және реттеу камералары), рекреациялық жай, қойма және тұрмыстық жайлар болып табылмайтын дәліздерде, құрал-саймандар жайында, жуынатын бөлмеде, душ пен дәретханада, дезинфекциялау құралдарын дайындауға арналған жайларда табиғи жарықтандыруды қарастырмауға жол беріледі.

4.4.1.3.6* Жалпы МДББО, шағын МДББО, топтық бөлімше МДТК, ОТК, сондай-ак кыска уакытка қарау кезекші топтарын коп пәтерлі тұрғын ғимараттың бірінші кабаттарында орналастыру кажет.

Жапсарлас немесе жапсарлас-жанастыра салынган МДББО-ны мемлекеттік нормативтерде белгіленген радиусте белек тұрган МДББО-ға қолжетімділік болмаған кезде көп пәтерлі түргын гимаратка немесе түргын үйге міндетті түрде орналастыру қажет.

Бұл ретте, көп пәтерлі тұрғын ғимараттының жалпы алаңы 1-кестеде келтірілген, жайлылық сынбына сәйкес 1 адамды үйге және тұрғын алаңға қоныстандыру шарттарын негізге алғанда, есептік алаңнан артык болумауға тиіс.

Тұрғын үйге жапсарлас немесе жапсарлас-жанастыра салынган МДББО түрі мен топтарының саны жобалау тапсырмасында белгіленеді ***(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІ және ЖРБК 09.06.2018 ж. №153-НҚ бұйрық).***

4.4.1.37 «Отбасылық балабақша» үлгісіндегі МДТБҰ-ны Қазақстан Республикасы мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарының келісімі бойынша бесінші қабаттан жоғары емес орналасқан және екі жақты немесе бұрыштық бағдары бар МДТБҰ иесінің тұрғын үй пәтерінде орналастыруға жол беріледі. Қызмет көрсететін бала саны 5-ке дейін дейін болса, онда пәтердің жалпы ауданы 40 м^2 кем емес, ал 10 балаға дейін болса, ауданы 60 м^2 кем болмауы тиіс.

***1-кесте - МДББО орналастыру кезіндегі тұрған гимарат алаңының есебі**

№ р/с	Жайлылык сыныбы	Есепті алаңы, м~
1	Ісынып	11 100
2	II сынып	9 250
3	III сынып	6 660
4	IV сынып	5 550
5	Шағын габаритті тұрғын үй	4 440

Ескертпе -
МДББН орналастыру кезіндегі тұрған ғимарат алаңының есебі былайша айкындалады:
$S_{есеп}$=a x b
мғндағы:
а - тғрғындар саны (тғрғын ғимараттағы тұрғындар саны кем дегенде 370 адам болған кезде МДББО орналастырылады);
b - 1 адам үшін тұрғын алаңның нормасы (жайлылық сыныбына сәйкес).

4.4.1.38 Жалпы балалар тобы мен оқушылар сыныбының жалпы саны 12-ден аспайтын жалпы үлгідегі МДТБҰ, шағын МДТБҰ, топтық бөлімдерді көп пәтерлі тұрғын үйдің жанына және (немесе) қас бетіне кіріктірме-жапсарлас салу қарастырылуы мүмкін.

4.4.1.39 Шағын МДТБҰ бөлмелерін қызметкерлер бөлмелерімен (көппәтерлі тұрғын үйдің пәтерімен, жеке тұрғын үймен) біріктіріп жобалауға жол беріледі.

4.4.1.40 МДТБҰ ғимараттарында жылытылмайтын жартылай ашық - шана-арба қоятын орындар, үлкен көлемді ойыншықтар мен бау-бақша құрал-саймандарын сақтайтын қоймалар; жылытылатын - әйнекпен жабылған дәліз-оранжереялар, сондай-ақ ашық террасалар мен терасса-манеждер қарастыруға жол беріледі.

4.4.1.41 Ашық террасаны екінші немесе үшінші қабат деңгейінде жобалаған кезде әрбір терраса арқылы екінші эвакуациялық шығаберісті ұйымдастыру арқылы пайдаланылатын жабын қолданылуы мүмкін. Пайдаланылатын жабын арқылы немесе үшінші қабат деңгейіндегі терраса арқылы сыртқы металл баспалдақ бойынша екінші эвкуациялық шығаберісті орнатуға жол берілмейді.

4.4.1.42 Кіреберіс есіктер балалар мен ересек адамдарға толықтай көрініп тұруды қамтамасыз ететін әйнектен (мықты төзімді әйнектен) болуы рұқсат етіледі.

4.4.1.43 МДТБҰ топтық ұяшықтарында ойын алаңына шығатын жеке есік болуы мүмкін.

4.4.2 Балалар негізгі болатын бөлмелер

4.4.2.1 Ясли топтық ұяшықтың барлық жайы бір қабатта және бір деңгейде орналастырылуы тиіс.

3 бастап 6 (7) жасқа дейінгі мектепке дейінгі балаларға арналған топтық ұяшықтардың бөлмелерін бір деңгейде де, сондай-ақ екі деңгейде де, биіктігі жарты қабаттан биік емес еден белгісінің құламасымен бірге, сонымен қатар, екі деңгейге бір қабаттан биік құламамен екі деңгей бөлмелерінің бөлігін орналастырғанда екі түрлі жарық түсетін ортақ ашық ойын алаңы (топтық) етіп орналастыруға жол беріледі.

Топтық, ойын және шағын топтар сабақтары, «үй бұрышы» жайларының арасында көрнекі байланыс қарастырылуы тиіс.

4.4.2.2 Әртүрлі үлгідегі топтық ұяшықтардың негізгі бөлмелерінің аудандары Е қосымшасы бойынша қабылданады.

Әртүрлі үлгідегі топтық ұяшықтардың қосымша бөлмелерінің аудандары Ж қосымшасы бойынша қабылданады.

4.4.2.3 Киім ауыстыратын бөлмелерде балалардың сырт киімдері мен аяқ киімдерін кептіретін сөрелер, киім ауыстыруға арналған орындықтар (пуфтар) қарастырылуы тиіс. Топтық ұяшыққа киім кептіретін арнайы бөлме орналастырғанда, сырт киімге арналған сөрелер кептіргіштерсіз жобаланады.

4.4.2.4 Топтық ұяшықта мыналар қарастырылуы тиіс:

а) балаларды тамақтандыруға және сабақ жүргізуге арналған орын (20 баладан тұратын топқа қажетті аймақ көлемі - кемінде 4,65 м × 5,75 м, 10 баладан тұратын топқа (шағын топқа) - кемінде 3,9 м × 4,8 м);

б) біршама оқшауланған жартылай жабық 2 - 3 алаңқайлар түріндегі ойын құралдарынан құралған тыныш ойын орны (бағдарланған көлемі кемінде әрқайсысы 2 м × 2 м).

Топтық және жатын бөлмелердің тереңдігі табиғи жарықтандырудың нормативтік коэффициентін 4.4.4.19 тармағына сәйкес қамтамасыз ету қажет.

4.4.2.5 Топтық бөлменің еден деңгейінен жоғары терезе ойығының асты 0,75 метрден аспауы тиіс. Егер құрама (жоғарғы екі жанынан, жоғарғы жағынан және екі жанынан) жарықтандыру пайдаланылса, 1 - 2 кем емес терезе ойықтарында еден деңгейінен 0,75 метрден аспайтын белгі болуы тиіс.

4.4.2.6 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарының топтық ұяшықтарының бөлмелерінің аудандары:

а) киім ауыстыратын орын (қабылдау бөлмесі) - жалпы үлгідегі МДТБҰ барлық түрлері үшін 18 м^2, шағын МДТБҰ үшін ауданы 15 м^2 кем емес;

б) топтық бөлмесі (ойын) - жалпы үлгідегі МДОТҰ үшін ауданы 50 м^2-ден, мектепке дейінгі тәрбиелеу орталықтарында сәбилер тобы үшін бір балаға шаққанда 2,5 м^2, мектепке дейінгі топтарда 2,0 м^2 кем емес;

в) буфет - МДТБҰ-ның барлық түрлері үшін 3,8 м^2 кем емес;

г) жатын бөлме - жалпы үлгідегі МДТБҰ үшін - мектепке дейінгі топтарда 50 м^2; сәбилер тобы үшін 36 м^2; мектепке дейінгі тәрбиелеу орталықтары - сәбилер тобы үшін бір балаға шаққанда 1,8 м^2, мектепке дейінгі топтарда 2,0 м^2;

д) дәретхана - МДТБҰ барлық түрлері үшін 16 м^2; мектепке дейінгі тәрбиелеу орталықтары үшін - бір балаға шаққанда 0,8 м^2, бірақ, жалпы ауданы 12 м^2.

4.4.2.7 МДТБҰ жатын бөлмелерін жеке стационарлық төсектермен жабдықтайды. Үш жасқа дейінгі балаларға арналған төсектердің ұзындығы 1,2 м, ені 0,6 м кем емес, ауыспалы биіктігі мен тосқауылы бар болуы керек; 3 бастап 7 жасқа дейінгі балалар үшін ұзындығы 1,4 м, ені 0,6 м кем емес болуы қажет.

4.4.2.8 МДТБҰ жатын бөлмелеріндегі төсектер жақындауға және бөлмені жинауға ыңғайлы болуы үшін, терезеге параллель ұзыннан орналастырылады. Төсектер қатарының арасындағы қашықтық кемінде - 0,5 м, бас жағындағы қашықтық кемінде - 0,2 м.

4.4.2.9 Мектепке дейінгі топтардағы күндіз келіп-кететін балаларға бір балаға шаққанда 2 $м^2$ кем емес болатын аудан нормасын сақтағанда, екі қабатты төсектер мен асты қатты жайылмалы төсектерді және биіктігі 0,3 м кем емес кедергісі бар екі қабатты төсектерді пайдалануға рұқсат етіледі.

4.4.2.10 Жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес жылжымалы кереуеттерді орналастыру үшін қосымша ауданның болуын ескере отырып, жатын жайлар бар топтық бөлмелерді біріктіруді қарастыруға болады.

4.4.2.11 Ойын бөлмелерінің ауданын жобалаған кезде бөлме ұзындығының еніне арақатынасын сақтау керек, ең дұрыс арақатынас - 3:2.

4.4.2.12 Топтық ұяшықтағы буфет екі камералы жуғышпен, үстелмен және ыдыс сақтайтын қабырға сөрелермен жабдықталады. Буфетке топтық ұяшықтардың бөлмелері арқылы жүк тиеуге жол берілмейді.

4.4.2.13 Ж қосымшасы мен Ж.1-кестесінде көрсетілгендерден бөлек 2 - 4 балалар топтарына ортақ қосымша бөлмелер ретінде ауданы кемінде 12 $м^2$ түзету бөлмесі (негізінен коррекциялық типтес топтарда немесе мектепке дейінгі мекемелерде) мен ауданы бірден отырғызылатын бір топқа шаққанда 20 $м^2$ кем емес тамақтану залы қарастырылуы мүмкін.

МДТБҰ ғимаратында ортақ тамақтану залдары қарастырылған болса, топтық ұяшықтарда, балалар топтарынада карантин болған жағдайда, осы ережелер жинағы талаптарын орындай отырып буфеттерді қалдыру керек.

4.4.2.14 Түзету үлгісіндегі МДТБҰ-да көру бұзушылығы бар балалар үшін әрбір топтық ұяшықта кемінде 6 м үй-жай көлемінің бірінен әрқайсысының ауданы 18 $м^2$ кем емес түзету бөлмесін қарастыру керек.

4.4.2.15 Дәретхана аймағында жабылатын кабиналарда балаларға арналған унитаздар орнатылуы керек. Балалар кабинасының көлемі 1,0 м × 0,75 м кем емес, кабиналардың қоршаулары 1,2 м (еденнен), еденге 0,15 м жетпеуі тиіс.

4.4.2.16 МДТБҰ топтарының жуынатын бөлмелерінде балалардың сүлгілері мен жеке гигиеналық заттарына арналған жеке ұяшықтары бар қабырғаға немесе ілінетін ілгіштерді, сәбилер топтарында құтыға арналған жеке-жеке белгіленген бөлек ұялары бар қосымша шкаф орналастырылады.

4.4.2.17 Санитарлық кабиналар есіктеріндегі есік тиектері еден деңгейінен 0,75 бастап 0,8 м дейінгі биіктіккн бекітіледі және ересектердің сыртқы жағынан ашу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Ясли топтардағы кабиналар жапқышсыз қарастырылады.

4.4.2.18 Кабинаға кіретін жер мен өртке қарсы қабырғаның арасындағы өткелдің ені (онда санитарлы аспаптар болмаған кезде) кемінде 1,0 м болып қабылданады.

4.4.2.19* Балалардың жарақат алуын және құлау мүмкіндігінің алдын алу мақсатында терезе блоктары қауіпсіздік құлыптарымен жабдықталуы қажет. ***(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 10.01.2020 ж. №7-НҚ бұйрық).***

4.4.3 Мамандандырылған, ілеспе және қызметтік-тұрмыстық бөлмелер

4.4.3.1 МДТБҰ арнайы бөлмелердің құрамы мен ауданы Д қосымшасы бойынша қабылданады.

4.4.3.2 ОТК-да музыкалық және гимнастикалық сабақтарға арналған залының бір жағының өлшемдерінің әрқайсысы 9 м кем болмауы шарт. Өзге жағдайларда залдың қабырғаларының біреуі ұзындығы жағынан екіншісінен 2 еседен артық болмауы тиіс.

4.4.3.3 Жалпы үлгідегі МДТБҰ-да ауданы 35 бастап 55 м^2 дейінгі үйірмеге арналған әмбебап бөлме қарастырған жөн, әртүрлі жағдайларда ол мектепке дейінгі тәрбиелеу бағдарламасына енгізілген сыныптық сабақтарға арналған әмбебап бөлме ретінде, бейнелеу өнері сабақтарына арналған бөлме (сурет, желімдеу, жапсыру, қол еңбегі) ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл бөлме сонымен қатар шет тілін үйрету үйірмесі үшін, балаларды мектепке даярлау үшін, бейнелеу, ырғақ, т.с.с. үшін, сондай-ақ диа-, бейне- және телебағдарламаларды көруге, компьютерлер үшін қолданылуы мүмкін.

4.4.3.4 Шағын МДТБҰ бөлмелерінде барлық топтарға ортақ ретінде музыка және гимнастика сабақтарына (50 бастап 75 м^2 дейінгі аудан кезінде), сонымен қатар балалар үйірмесі мен секцияларына арналған залдар сияқты, диа-, бейне- және телебағдарламалар көруге, қол еңбегіне пайдаланылатын ауданы 18 бастап 75 м^2 дейінгі аралықтағы әмбебап бөлме қарастырылуы мүмкін. Шағын МДТБҰ-да бұндай бөлменің болуы өте тиімді: қосымша қаражат болған жағдайда, ең алдымен осы бөлмені бөлмелер құрамына кіргізу ұсынылады.

4.4.3.5 Балаларға сабақ өткізуге арналған мамандандырылған бөлмелердің бірқатарында жарық түсіретін қоршауымен бірге дыбыс шығармайтын аралық қабырғасы бар (музакалық және гимнастикалық сабақтар үшін, залдар үшін, зал алаңдар үшін, бейнелеу студиялары үшін, т. б.), сонымен қатар бөлмелерді бір-бірінен немесе ғимараттың ішкі байланыс-дем алу кеңістігіненен қоршайтын ішкі аралық ретінде болуы мүмкін. Жарық түсіретін материалдарды пайдаланған кезде өрт қауіпсіздігінің талаптарын орындау керек.

Бір жай шегінде шыныланған немесе торлы арақабырғаларды, сәндік торлы немесе ағаш арақабырғаларды – кедергілерді қолдануға жол беріледі.

4.4.3.6 Ілеспе және қызметтік-тұрмыстық бөлмелердің құрамы мен аудандары К қосымшасы бойынша қарастырылады.

4.4.3.7 Медициналық бөлме мен палата арасында баланы қадағалай алатындай биіктігі еден деңгейінен 1,2 метрден аспайтын шыныланған саңылау (терезе) қарастырылуы керек.

4.4.3.8 Оқшаулау палаталарын ауданы кемінде 6 м^2 бір немесе екі орынды етіп жобалау керек.

4.4.3.9 Ас бөлменің ауданы 15 м^2 кем болмауы тиіс. Тұрғын үйлердің бірінші қабатында орналасқан шағын МДТБҰ тағамды сол жердегі ас бөлменің аумағында дайындауға жол беріледі.

4.4.3.10 7 және одан да көп топтары бар МДТБҰ-ның ас әзірлейтін бөлмелерінің тарату бөлігі жеке бөлме ретінде қарастырылуы тиіс.

4.4.3.11 Жұмыс істейтін мектепке дейінгі мекемелерде қызметкерлер үшін дәретхана жабық жеке кабина түрінде балалар дәретханасында санитарлық торапты жабдықтауға жол беріледі.

5.3.6.12 МДТБҰ-да дәліздерді тамақ тарату бөлмесінен балалар тамақтанатын бөлмеге дейінгі жол ортақ бөлмелер арқылы (киім ілетін, ойын бөлмелері және т. б.)

өтетіндей жобалауға тыйым салынады. Немесе балалар тамақтанатын бөлмеге екі есік, яғни қызметкерлерге кіретін есікті бөлек жасауды жобалау ұсынылады.

4.4.3.13 Жалпы үлгідегі МДТБҰ-да, БДО ғимараттарында ғимаратқа негізгі кіре берісте ауданы 5 м^2 кем емес кезекшілік пен демалыс орнына арналған жабдықталған күзетші бөлмесі қарастырылуы тиіс.

4.4.3.14 Қызметтік-тұрмыстық жайлар құрамына кемінде 8 м^2 (1 мұғалімге 2 бастап 3 м^2 дейінгі норма кезінде) мұғалімдер бөлмесі қарастырылады.

4.4.4 Заттай-кеңістіктік орта, стационарлық жабдықтар және бөлмелерді әрлеу

4.4.4.1 МДТБҰ бөлмелерін жабдықтау мен әрлеу қолданыстағы нормативтік құжаттар ережесіне сәйкес қарастырылады.

4.4.4.2 Топтық, ойын және жатын бөлмелеріндегі жарық түсетін ойықтар реттелетін күннен қорғау құрылғыларымен жабдықталады. Шыныланған ойықтарда (есіктер, ширма-қоршаулар, оранжереялар) биіктігі еденнен 0,9 м дейін және қашықтығы әйнектен 0,15 м-ден артық емес қорғау құрылғылары болуы тиіс.

4.4.4.3 Басқыштары 3-тен артық баспалдақтар мен деңгейінің құламасы 15 см артық пандустарда (егер олар табиғи рельеф бойынша төселмесе) балаларға арналған ұстағыш тұтқалары бар қоршаулары болуы тиіс.

4.4.4.4 Баспалдақтардың, қылтималардың, террасалардың, кішкене көпірлердің, антресоль қабаттардың қоршауларының биіктігі 1,2 м кем емес болуы шарт.

Тор қоршау тақтайшалар арақашықтығы 0,1 метрге дейін тігінен бөлінген болуы керек. Қоршаудың ұшы шығыңқы үшкір бөлшектермен аяқталмауы тиіс.

МДТБҰ ғимаратындағы техникалықтан басқа барлық баспалдақтардың бойында ересектер (биіктігі 0,85 м) мен балаларға (биіктігі 0,5 м) арналған ұстағыш тұтқаларды қарастыру керек.

4.4.4.5 Арнайы түзету білім беру ұйымдары ғимараттарының кіреберіс есіктері бір бөлікті болу қарастырылады және мұғалім жақта орналастырылады. Заңып және көзі нашар көретін балаларға арналған ұйымдарда төменгі және жоғарғы баспалдақтарда, баспалдақтың бірінші және соңғы басқышының ұстағыш тұтқаларын кедір-бұдыр етіп белгілейді.

4.4.4.6 Екі және одан көп бөлмелерден тұратын топтық ұяшықтардың ойын алаңын тосқауыл түріндегі қоршау қолдану арқылы, сынбайтын жарық түсіретін, тор немесе декорациялық тор қабырға аралық арқылы жобалау рұқсат етіледі.

4.4.4.7* МДТБҰ жобаларында кіріктірме жиһаздарды мынадай бөлмелерде қарастыру ұсынылады:

а) жатын аймақтары бар топтарда - терезелер астындағы таспалы үстелдер және ойыншықтар мен құралдарға арналған шкафтар, өзгермелі (трансформацияланатын) кереуеттер (кіріктірілген жиналмалы, жылжымалы, қозғалмалы, оралатын төсектер), төсек-кереуеттер кілемшелері немесе жеңілдетілген төсектер үшін шкафтар, төсек-орынға арналған шкафтар;

бөлек топтық және жатын бөлмелерде, топтық бөлмелерде - терезелер астындағы таспалы үстелдер және ойыншықтар мен құралдарға арналған шкафтар ***(Өзгерт.ред. –***

***ҚТҮКШІК 23.11.2018 ж. №240-НҚ бұйрық)*;**

б) жатын бөлмелерде - өзгермелі төсектер (жайылмалы, қозғалмалы, итермелі төсектер), жайма төсектерге арналған шкафтар, төсек орындарға арналған шкафтар;

в) топтық және жатын бөлмелер арасында - топтарда ойыншықтар мен оқу-құралдарына арналған шкафтарды алмастыратын шкаф қоршаулар, жататын бөлмелерде - балалардың киімдері мен төсек орынға, өзгермелі немесе жайма төсектерге арналған шкафтар;

г) киім ауыстыратын бөлмелерде - балалардың сырт киімдеріне арналған шкафтар (жылытқышы немесе кептіруге арналған сорғыш желдеткіші бар), қызметкерлер киіміне арналған шкафтар;

д) дәретханаларда - шаруашылық шкафтар мен сөрелер;

е) меңгеруші бөлмесі мен әдістемелік бөлмеде - кітаптар мен әдістемелік құралдарға арналған шкафтар мен сөрелер;

ж) қоймаларда – сөрелер;

и) қызметкерлерге ортақ бөлмеде, тағам блогы мен кір жуу қызметкерлерінің бөлмесінде - қызметкерлер киімдеріне арналған шкафтар.

Ескертпе - Өзгермелі төсектерді (оларды сақтауға арналған кіріктірме шкафтармен бірге қолданылатын кіріктірме жайылмалы төсектер, итермелі төсектер немесе жайма төсектер), кіріктірме жиһаздардың басқа түрлерін сәйкестік сертификаттары болған жағдайда ғана пайдаланылуға болады.

4.4.4.8 МДТБҰ дәретхана бөлмелерінде балалар сүлгілері мен жеке гигиенаға арналған жеке ұяшықтар бар қабырға және аспалы ілгіштер, ясли топтарында жеке таңбалары бар горшокқа арналған жеке ұялары бар қосымша шкафтар орнатылады.

4.4.4.9 Сәбилерге арналған бөлмеде биіктігі еден деңгейінен 0,5 м, ұзындығы 1,5 м және диаметрі 2,5 бастап 3 см дейінгі тұтқалар қарастыру қажет.

4.4.4.10 Ойын және жататын бөлмелердің қабырғалары ашық түске боялуы тиіс. Сондай-ақ ғимараттың барлық ауданының 25 % аспайтын аумаққа ерекше ашық түстерді қолдануға болады. Көкжиектің оңтүстік бөлімдерінде қалыптасқан МДТБҰ бөлмелеріне шағылысу коэффициенті 0,6 бастап 0,7 дейін өңдеу материалдары мен солғын суық түсті бояулары пайдаланған жөн.

Музыка және гимнастика сабақтарына арналған бөлмелер қабырғаларының бетін шағылысу коэффициенті 0,6 бастап 0,8 дейінгі ашық түстерге бояған жөн.

4.4.4.11 Буфет, дәретхана, кір жуу және үтіктеу бөлмелерінің қабырғаларын, тағам блогы бөлмелерінде, салқындатылатын камераларды, көкөністер қоймасын, асхана ыдыстары мен айналыстағы ыдыстарды жуатын бөлмелерді биіктіктігі 1,5 м кем емес етіп керамикалық плиткамен қаптау керек.

Тағам блогы ас әзірлеу бөлігінің қаптау биіктігін кемінде 1,8 м етіп қолдану керек.

4.4.4.12 Үй-жайдың төбесін әрлеу үшін, әдеттегідей, су эмульсиясының бояуы пайдаланылады.

Ылғалдылығы жоғары бөлмелердің төбесі (тағам блогының өндірістік цехтары, душ қабылдайтын бөлмелер, кір жуатын бөлмелер, жуынатын бөлмелер, дәретханалар және т. б.) майлы немесе эмаль бояумен боялады.

4.4.4.13 Жалпы үлгідегі МДТБҰ-ның бірінші қабатта орналасқан топтық (ойын) бөлмелердің, музыкалық және денешынықтыру сабақтарына арналған залдардың едендерін жылытылған және 22 °С дейін жылытылатындай етіп жасау керек. Негізгі бөлмелерде еденге арналған материалдар ретінде әдетте ағаш (тақтай едендер, паркет едендер), сонымен қатар, ламинат немесе линолеум едендер, ылғалды тазалау мен дезинфекциялауға болатын басқа да полимерлік материалдардан жасалған едендер пайдаланылады.

Түзету үлгісіндегі МДТБҰ-ның бірінші қабатында орналасқан топтық, қабылдау, киім ауыстыратын, жататын бөлмелерінде, музыкалық және денешынықтыру сабақтарына арналған залдарда, түзету гимнастикаға арналған, емдік денешынықтыру сабақтарына арналған залдарда, емдік сылау мен механотерапияның жеке сабақтарын өткізуге арналған бөлмеде, сумен емдеу бөлмесінде және суасты сумен уқалау жуынатын бөлмесінде, қыс мезгілінде еден бетін 22 °С дейін жылыту қарастырылу керек.

Дәретхана, тағам блогы, кір жуатын, үтіктеу бөлмелері мен қосалқы бөлмелердің едендеріне керамикалық плитка төселеді.

4.4.4.14 Күюден және жарақат алудан сақтану үшін балалар жүретін бөлмелердегі жылыту құрылғылары алмалы-салмалы ағаш қалқандармен немесе торлармен жабылуы тиіс.

Балалар жүрмейтін бөлмелерде электр құылғыларынан басқа кез келген жылыту құрылғылары орнатылу мүмкін.

Топтық бөлменің терезе астына радиаторларды орнатқан кезде құрылғының төменгі жағынан еден деңгейіне дейінгі қашықтық 0,05 метрден кем болмауы тиіс.

4.4.4.15 Жуыну, кір жуу және ыдыс жуу бөлмелері едендерінің еңістігі су ағатын ойықтарға қарай орнатылады.

4.4.4.16 МДТБҰ-ның әрбір қабатында тазалыққа арналған заттар сақталатын бөлме (орын) қарастырылады.

4.4.4.17 МДТБҰ бөлмелерін табиғи және жасанды жарықтандыру қолданыстағы нормативтік құжаттар ережелеріне және ҚР ЕЖ 2.04-104 сәйкес қарастырылады.

4.4.4.18 Нысандардың негізгі бөлмелері табиғи жолмен жарықтандырылуы тиіс. ТЖК көлемі жобалау кезінде бөлме терезесінен неғұрлым алыс орналасқан нүктеге есептелінеді және еден деңгейінде кемінде 1,5 %, нашар көретін және нашар еститін балалар үшін - кемінде 2,5 %, сол жердегі мектепке дейінгі топтарда - кемінде 2 % деп алынады. Жарық коэффициенті кемінде 1/5 болуы тиіс.

4.4.4.19 Негізгі бөлмелердегі табиғи жарықтандырудың біркелкі болмауы 5:1 арақатынастан аспауы тиіс.

Топтық бөлмелерде терезе 50 %-дан кем емес ойықтары табиғи жолмен желдетуді қамтамасыз ететін терезенің ашылатын жоғарғы бөлімдерімен (фрамуга) немесе айналмалы құрылғысы бар терезе блоктармен жабдықталған болуы тиіс.

4.4.4.20 ҚР ЕЖ 2.04-104 бойынша түзету үлгісіндегі МДТБҰ ғимараттарындағы топтық және сынып бөлмелеріндегі табиғи жарықтандыру коэффициенті (ТЖК) терезесі бар сыртқы қабырғадан 2/3 тереңдікте еден деңгейіне қарай 2 % кем емес; көру бұрышы - 45° кем емес (бірінші қатардың шетінде отырған баланың бормен жазатын алыстатылған тақтаға бағытталған көру сәулесі мен осы бала көз деңгейінде жүргізілген тақта

жазықтығындағы көлденең сызық арасындағы көлденең бұрыш) болуы тиіс.

4.4.4.21 Сыныптағы тақтаның көлемі мен сырт пішіні әртүрлі болуы мүмкін: жылжымалы, ашылмалы, биіктігі бойынша еңіске ауыспалы. Сынып тақталары бордың ұнтақтарын немесе сүрткішті ұстап тұратыны бар қою жасыл немесе қою қоңыр түсті болуы қарастырылады.

4.4.4.22 Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған үстелдер мен парталар педагог үстелінің айналасына жартылай шеңбер бойымен қойылып, есту құралын орнату үшін тұрақты бекітіледі. Сабақ барысында оқушылармен жеке сабақ өткізу үшін әрбір қатарда үстелдер мен парталардың арасын кеңейтуге болады.

4.4.4.23 Зағип балаларды оқытуға арналған бөлмелерін көлемі мен арнайы құрылғылары сабақ оқу үшін Брайль жүйесі бойынша оқулықтарды пайдалануға және оларды сақтауға мүмкіндік беретін көлденең тақтасы бар үстелдермен жабдықтайды.

4.4.4.24 МДТБҰ-да сабаққа арналған жиһаздарды орналастыру кезінде мынадай талаптар қойылады:

а) үстелдер жарық түсіретін қабырғаға қарай, жарық сол жақтан түсетіндей етіп қойылады;

б) 4 орынды үстелдер кемінде - 2 қатарға, 2 орынды үстелдер кемінде - 3 қатарға қойылады. Үстелдер қатарының ара қашықтығы кемінде - 0,5 метр; ал үстелдердің бірінші қатары мен жарық түсіретін қабырға арасы - 1 метр, бірінші үстелдер мен тақтаның арасы - 2,4 бастап 2,7 м дейін болады;

в) қабырға тақтасының төменгі шетінің биіктігі кемінде 0,7 бастап 0,8 м дейін болуы керек.

4.4.4.25 Шудың ең жоғарғы жол берілетін деңгейі:

а) ойын алаңдары үшін - үздіксіз 70 дБ, қысқа мерзімді - 80 дБ;

б) сыртқы қабырға тұсында орналасқан жататын бөлмелер үшін - үздіксіз 60 дБ, қысқа мерзімді - 65 дБ;

в) сыртқы қабырға тұсында орналаспаған жататын бөлмелер үшін - үздіксіз 65 дБ, қысқа мерзімді - 70 дБ.

4.4.4.26 Нысандар бөлмелеріндегі балалар тұрақты келетін бөлмелерде штепсельдік розеткалар мен сөндіргіштер еденнен 1,8 метрден аспайтын биіктікте орнатылады.

4.4.4.27 Топтардағы терезе алды тақтайларын еден деңгейінен 0,3 метр биіктікте орналастыруға жол беріледі.

4.4.5 Мектепке дейінгі түзету үлгісіндегі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарын жобалау

4.4.5.1 Егер түзеу бөлмесі топтық ұяшық құрамында емес қарастырылса, онда түзеу бөлмесі жанына 4 бастап 6 дейінгі орынға балалар сырт киімдерін шешетін киім ауыстыратын орын қарастыру қажет.

4.4.5.2 Медициналық, ем-шара және физиотерапиялық бөлмелер, түзету қызметінің нақты бір түріне арналған бөлмелерді 2 немесе одан да көп топтық ұяшықтарға ортақ етіп жобалауға жол беріледі.

4.4.5.3 Түзету бөлмесі білім беру органдарының келісімі бойынша 2 немесе одан көп

топтық ұяшықтарға арналып қарастырылуы мүмкін.

4.4.5.4 Түзету қызметінің бірқатар бағыты үшін жалпы үлгідегі МДТБҰ-ның әмбебап топтық ұяшықтары пайдаланылуы мүмкін. Сыйымдылығы 12 балаға дейін әмбебап топтық ұяшықтарында тек 3 жастан асқан балалар үшін, сонымен қатар, жиі ауыратын, туберкулезбен ауыратын балалар, Л және М қосымшаларында көрсетілмеген өзге ауытқулары бар балалар үшін ұйымдастырылатын фонетикалық және фонематикалық сөйлеу қызметі бұзылған балалар тобы орналасуы мүмкін.

4.4.5.5 Дамуында кемістігі бар балаларға арналған түзету бағытындағы топтық ұяшықтар әмбебап ретінде жобалануы мүмкін. Бұндай топтық ұяшық құрамына ауданы 24 м^2 кем емес мамандандырылған сабақтарға арналған бөлме кіруі тиіс. Бұл бөлме балалардағы кемістіктердің түріне байланысты төмендегідей пайдаланылуы мүмкін:

а) полиомиелит пен церебральдік сал салдарынан есту қабілеті, ой-өрісі бұзылған балаларға арналған сабақ жүргізу сыныбы;

б) заґип және көру қабілеті нашар балаларға арналған тифлопедагог кабинеті;

в) қыли көзді және амблиопиялы балаларға арналған плеопто - ортоптика бөлмесі;

г) тіл кемістігі бар балаларға арналған логопед кабинеті.

4.4.5.6 Түзету типіндегі топтық ұяшықтарды учаскедегі түзету бөлмесімен және топтық алаңмен ыңғайлы байланыста, бір деңгейде, шағын жобалаған жөн.

Егер түзету бөлмесі топтық ұяшықтар құрамында қарастырылмаса, түзету бөлмесінің жанынан балалардың киім ілетін бөлмесін қарастыру керек.

4.4.5.7 Арнайы түзету білім беру ұйымдарында саласына байланысты мынадай қосымша бөлмелер қарастырылады:

а) естімейтін, нашар еститін және өте ауыр тіл кемістігі бар балалар үшін - бетпе-бет жұмыс жасауға арналған есту бөлмесі және естуін дамыту мен дыбыс шығаруды үйрету бойынша мұғалімнің баламен жеке жұмыс жасауға арналған бөлме; қабырғасы айна және хореографиялық қондырғылары бар музыкалық-ырғақтық сабақтарға арналған бөлме;

б) ақыл-есі кем балалар үшін - логопед бөлмесі;

в) заґип және көзі нашар көретін балалар үшін - логопед және лингафон бөлмесі, машинамен теру, электрлік техника, желімдеу және кедір-бұдырлы сурет бөлмелері, музыкамен жеке айналысуға арналған бөлме;

г) дем алу бөлмелері - бір қатысушыға шаққанда 1 м^2 кем емес оқу және тұрғын секцияларындағы қонақ бөлмелері;

д) барлық ұйымдарда ауданы кемінде 162 м^2 спорт зал және медицналық блоктарда емдік денешынықтыру бөлмелері немесе залдары;

е) соқыр және нашар көретін балалар үшін спорт залдары екі аймаққа бөлінеді: снарядты (шағын аймақ) және негізгі (үлкен аймақ). Шағын аймақтағы еден негізгі аймақтағы еденнен 6 бастап 7 см дейін биік болуы керек.

4.4.5.8 Балалардың жұмыс аптасы ішінде тәулік бойы немесе одан да ұзағырақ уақыт топтық ұяшық құрамында болатын дамуында кемшіліктері бар балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымда буфетпен бірге кешенде асхана бөлмесін (ауданы 16 м^2 кем емес) қарастыру керек.

4.4.5.9 Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін) балаларға арналған топтық

ұяшықтарда сыныпта сабақ үшін сол жағынан түсетін негізгі табиғи жарықпен қоса, артқы жағында мұғалімнің қимыл мен мимикасы балаларға жақсы көріну үшін отырғандардың артынан (еден деңгейінен 1,5 м кем емес биіктікте) қосымша жоғарыдан жарықтандыру қарастыру керек.

4.4.5.10 Арнайы түзету білім беру ұйымдарында оқу бөлмелерінің ауданы бір қатысушыға шаққандағы есептік көрсеткіш бойынша алынады:

а) ақыл-есі кем және психикалық дамуы тежелген балалар үшін - 2,2 $м^2$ кем емес;

б) полиомиелит және церебральдік сал зардабы бар балалар үшін - 3,5 $м^2$ кем емес;

в) қалған балалар үшін - 3,0 $м^2$ кем емес.

4.4.5.11 Көру қызметінің бұзушылығы бар (қыли көзді және амблиопиялы) балаларға арналған топтық ұяшықтарда ұзындығы 6 м кем емес плеопто-ортоптика бөлмесін қарастыру керек және оны солтүстікке қарай (екі жаққа 22,5° дейін ауытқитын) бағдарлау керек немесе күннен қорғау құрылғысын қолдану керек. Бұл бөлмеде арнайы құрылғыда көзге түзеу жасалып, көзді емдеу жүзеге асырылады.

4.4.5.12 Плеопто-ортоптика бөлмеге ұзындығы 6 м кем емес қызметтік аймақ аппараттармен жұмыс барысында немесе көздің көруін тексеру барысында бала ұзына бойымен қимылдайтын сызықтық аралық ретінде керек; бұл аймақтың ені 1,5 м кем емес.

4.4.5.13 Плеопто-ортоптика бөлмесі ретінде ауданы 6 $м^2$ кем емес қабырғасы қою жасылмен боялған қараңғы орын (үлкен рефлекссіз офтальмоскоппен жұмыс жасау үшін) бөлу керек.

4.4.5.14 Плеопто-ортоптикалық бөлме және топтық ұяшыққа қызмет көрсетілетін бөлмелер бір қабатта және бір-біріне жақын орналастырылуы тиіс, балаларға ем-шарадан кейін демалыс талап етіледі, яғни алғашқы 5 минуттан кейін олар нашар көреді.

4.4.5.15 Плеопто-ортоптикалық бөлме қыли және амблиопиясы бар мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған екі топтық ұяшықтарына біреу қарастырылады.

4.4.5.16 Соқыр және нашар көретін балалар үшін топтық ұяшықтар құрамына бір мезгілде екі-үш баламен сабақ өткізуге арналған тифлопедагог бөлмесі кіреді.

4.4.5.17 Ақыл-ойының бұзушылығы бар жоғары қозғыштықпен ерекшеленетін балаларға арналған топтарда «үстелдер аймағы» толықтай жүйкелік-психикалық қызмет мүмкіндігінше толықтай қалпына келіп, мектепке оқуға даярлау үшін бір орынды үстелдермен жабдықталады, оның ішінде балаларда қарапайым метаматикалық түсінік қалыптасу үшін, сөйлеу қабілеті, сурет салу, қабылдау, ойлау дағдысы даму үшін түзету-тәрбиелеу сабақтарын жүргізу үшін жабдықталады.

4.4.5.18 Егер топтық ұяшықтың құрамында сынып қарастырылса, онда сабақтар сондай бір орынды үстелдермен жабдықталған сыныптарда жүргізіледі.

4.4.5.19 Тірек-қимыл аппараты бұзылған (полиомиелит пен сал ауруының салдарынан) балалардың топтық ұяшықтарында (сыныптарында) сөйлеу, назар аудару, есте сақтау, есту қабілеттерін, кеңістікті-уақыттық түсініктерін дамыту бойынша сабақтар жүргізіледі.

4.4.5.20 Топтық бөлмелердегі (сыныптардағы) «үстелдер аймағы» оқушылар үстелдерімен және құралдарға арналған шкафпен жабдықталады. Балалар қозғалу үшін «үстелдер аймағының» периметр бойымен тіреуіш тұтқамен жабдықталған еркін жолдар қарастыру керек. Үстелдерді орналастыру кезінде, үстелдер қатары мен қабырға немесе

өзге жабдық арасында моторикасы бұзылған балалардың өздігінен қозғалу мүмкіндігін сақтай отырып, әрбір балаға жетуге болатындай еркін жол жасау керек.

4.4.5.21 Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған топтық ұяшықтардағым қоршау беттері мен жабдығы ашық түстердің күңгірт бояулармен боялуы тиіс, шағылысу коэффициенті мыналардан төмен болмауы керек: төбе - 70 %, қабырға - 50 % бастап 60 % дейін, еден 25 % бастап 30 % дейін, үстелдер - 45 %.

4.4.5.22 Көру қызметінің бұзушылығы бар балаларға арналған топтық ұяшықтардағы топтық пен жататын бөлмелер арасындағы, топтық бөлме мен дәретхана арасындағы қабырға аралықтарда шыныланған есіктер, ойықтар қарастырған жөн.

4.4.5.23 Көру қызметінің бұзушылығы бар балаларға арналған топтық ұяшықтарда мынаны ұстаған жөн:

а) топтық (ойын) пен жатын (ұйықтау) бөлмелер арасына, бөлек жағдайларда бұл бөлмелер арасына және әрине - буфет пен дәретхана (жуынатын аймақ) арасына жылжымалы есіктерді, сонымен қатар, бекітілген ашық күйдегі жармалары бар есіктерді қарастырылу керек. Балалар қимылына кедергі болмау үшін есік тесіктерін толтыруды мүлдем қарастырмауға болады;

б) шығыңқы жерлер мен сыртқы бұрыштар болмау керек немесе оларды дөңгелектеу (радиусы 0,05 бастап 0,1 м дейін) керек;

в) есіктердің, басқыштардың шеттерін, жиһаздар мен жабдықтарды қабырға бояуына қарама-қарсы бояуды ҚР ЕЖ 3.06-101 бойынша қарастыру керек.

4.4.5.24 Едендерді қабырға бояуларына қарама-қарсы түспен бояу ұсынылады, әйтпесе, еден мен қабырғалар арасындағы ернеуліктер анық бөлініп тұруын қамтамасыз ету керек.

4.4.5.25 Соқыр және нашар көретін балаларға арналған нысандардағы оқыту бөлмелері (сыныптар, бөлмелер, зертханалар, шеберханалар), сонымен қатар, оқу залдары қыздырылатын шамдары бар жасанды жарықтандырудың жиынтықталған жүйесімен жабдықтайды. Жалпы және жергілікті жарықтан жарықтандырудың жиынтық деңгейі көру патологиясы түріне байланысты мынаны құрайды:

а) жоғары деңгейде асқынған алыстан көрмеушілігі мен жақыннан көрмеушілігі 1000 лк жоғары деңгейдегі қатысушылар үшін; көруі 1000 лк бастап 1500 лк дейін көз торлары мен көру тамырларының зақымдалған (көз қарлығуысыз) балалар үшін;

б) көз қарлығуымен ауыратын қатысушылар үшін - 500 лк артық емес;

в) жалпы жарық жүйесінен жасанды жарықтандыру деңгейі 400 лк аспауы керек;

г) әрбір жұмыс орнын қуаты 40 ватт қызатын шамдары бар жергілікті жарық шырақтарымен жабдықтайды. Шырақтарда үстел үстіне қатты бекітілетін және иілу бұрышы мен жарық көзі деңгейін ауыстыруға мүмкіндік беретін иілгіш тіреуіші болу керек.

4.4.5.26 Түзету үлгісіндегі бала бақшаларда негізгі өту жолдарының (дәліздер мен басқыш торлары) едендері мен баспалдақ басқыштарында 5 лк апаттық жарықтандыру қарастырылуы тиіс.

4.4.6 Жалпы білім беру мектептерінің бастауыш сыныптарын балабақша ғимараттарына орналастыру

4.4.6.1 Сынып ретінде пайдаланылатын алаңы кемінде 50 м^2 бөлмелерде 20-дан аспайтын қатысушылар орналастырылады.

20-дан артық қатысушыларды орналастыру барысында 1 қатысушыға 2,5 м^2 кем емес аудан нормасы қабылданады.

25 оқушыны орналастырған жағдайда сыныптық үй-жайдың алаңы Е қосымшасына сәйкес кемі 62,5 м^2 болып алынады.

4.4.6.2 Оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастырған кезде 8 оқушы сыныптары бойынша - екі рет отырғызуды өткізу қабілеті бар жалпы асхана қарастырылады.

4.4.6.3 Ауылдық жерлерде (500 бастап 1000 дейін тұрғындары бар) біріккен МДТБҰ мекемелері мен мектептер қарастырылады, мұндай ғимараттардың сыйымдылығы - МДТБҰ үшін 25 және 40 орын, мектептер үшін (10 + 15 + 40 орын) немесе МДТБҰ үшін 35 орын және мектеп үшін 60 орын (15 + 20 + 60 орын) болып қабылданады.

4.4.6.4 Жиһаздар мен жабдықтарды орналастырғанда грифель тақтасының шолуы ҚР ЕЖ 3.02-111 сәйкес көру бұрышы 45° болып қабылданады.

4.4.6.5 Дәретхана төрт жастан асқан балалардың топтық ұяшықтарына арналған қол жуатын жер ортақ болған кезде, қыздар мен ұлдар үшін бөлек жобаланады.

4.5 Ғимараттың конструктивтік шешімі мен құрылыс конструкцияларын есептеу әдістері

4.5.1 Мектепке дейінгі білім беру, оның ішінде сейсмикалық аудандардағы нысандарды жобалаған және салған кезде көтергіш конструкциялар есебін Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттар ережесін ескере отырып жүргізу керек.

4.5.2 МДТБҰ ғимараттарын жобалау және көтергіш конструкцияларды есептеген кезде мыналар ескеріледі:

а) талап етілетін ғимараттың механикалық қауіпсіздігі;

б) пайдалануға жарамдылығы;

в) ұзақ мерзімділігі.

4.5.3 Көтергіш қабілеттілігі немесе пайдалану жарамдылығы қорының талап етілетін деңгейі келесі шаралар арқылы жүзеге асуы мүмкін:

а) алдын алу ескерту немесе қорғаныс іс-шаралары (мысалы, соққыдан қорғау құрылғысы, өрт қауіпсіздігі бойынша активті немесе пассивті іс-шаралар, қабатқа жабынды жағу, катодтық қорғануды қолдану сияқты тот басудан қорғайтын шаралар және т. б.);

б) есептеу кезіндегі тиісті іс-шаралар:

- әсер етудің мәндеріне тән сандық мәндер;
- есептеу кезінде қауіпсіздіктің жеке коэффициенттерін қолдану;

в) сапа менеджментіне қатысты іс-шаралар;

г) көтергіш конструкцияларды жобалау, есептеу және салу кезінде болатын

қателіктерді азайту, сонымен қатар ірі қателіктерді болдырмау шаралары;

д) көтергіш конструкцияларды жобалау кезінде қолданылатын қосымша шаралар кезінде мыналарды ескеру керек:

- негізге алынатын талаптарды;
- конструкцияның қаттылығын (зақымданудың дәлдік шегін);
- пайдалануға сәйкес мерзімін белгілей отырып ұзақ мерзімділігін;
- топырақты алдын ала зерттеудің түрі мен көлемін және қоршаған ортадан болуы ықтимал әсерін зерттеуді;
- қолданылатын есептеу әдістерінің нақтылығын;
- конструктивтік атқаруды;

е) жұмыс өндірісіне қажет нормаларға сәйкес жоспарланған құрылыспен қамтамасыз ету;

ж) жобалау құжатының талаптарына сәйкес бақылау және техникалық қызмет көрсету.

4.5.4 Тексеру, техникалық қызмет көрсету, жөндеу мен ауыстыру үшін ғимараттың қондырғыларына, арматурасына және инженерлік жүйелер аспаптарына және олардың қосылыстарына қолжетімділік мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

4.6 Инженерлік желілер мен жүйелерді жобалау

4.6.1 Сумен қамту және кәріз жүйесі

4.6.1.1 МДТБҰ-дағы сумен қамту мен кәріз жүйесін ҚР ЕЖ 4.01-101 сәйкес қарастыру керек.

4.6.1.2 МДТБҰ бөлмелерінің санитарлық-техникалық қондырғыларын Н қосымшасына сәйкес қабылдау керек.

4.6.1.3 МДТБҰ-да балаларға арналған санитарлық аспаптарды еденнен мынадан аспайтын биіктікте орнату қарастырылады: мектепке дейінгі сәбилерге және кіші жастағы балаларға арналған қолжуғыштар - 0,4 м; мектепке дейінгі орта және ересек жастағы балаларға арналған қолжуғыштар - 0,5 м; тұғырдағы ванна - 0,6 м; сәби шақтағы және бірінші кіші топтағы балаларға арналған терең душ тұғырығы (душ торының тұғыр түбінен орналасу биіктігі 1,5 м болған жағдайда) - 0,3 м, мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған ұсақ душ тұғырығы (душ торының тұғыр түбінен орналасу биіктігі 1,5 м болған жағдайда) - 0,3 м.

4.6.1.4 Ыстық суды, жылуды жазғы профилактикалық өшіру кезінде көрсетілген құрылғылар электр қуатының құрылғыларына қосылатын бойлерлермен қамтамасыз етілу керек.

4.6.1.5 Жылыту мезгілінде бірінші қабатта орналасқан жайларда (топтық ұйымдардың ойын аймағына кіретін басқа да бөлмелерде), сонымен қатар, жататын бөлмелерде, егер биіктігі 0,15 метрге дейін болатын кілемше төсектер немесе жеңіл төсектерді пайдалану қарастырылса, еден бетінің температурасы 23 °С кем болмауы тиіс.

4.6.2 Жылыту және желдету

4.6.2.1 МДТБҰ ғимараттарын қолданыстағы нормативтік құжаттар мен ҚР ЕЖ 4.02-101 сәйкес жайды табиғи немесе жасанды желдеткішпен жабдықтау ұсынылады.

4.6.2.2 Жылытуды жобалауға арналған есептік температура мен МДТБҰ бөлмелеріндегі ауа алмасуының жиілігі П қосымшасында көрсетілген.

4.6.2.3 Балалар киімін кептіруге арналған бір шкафтан шығатын ауа көлемін кемінде 10 $м^3$/сағ деп есептеу керек.

4.6.2.4 Жылыту маусымында ауа температурасы мынадай аралықта қарастырылады:

а) жатын және оқу бөлмелерінде, кабинеттерде, мәдени-бұқаралық және демалыс шараларға арналған бөлмелерде, қызметтік-шаруашылық, кір жуатын бөлмелерде 18 °С бастап 22 °С дейін;

б) асханада, буфетте, үтіктеу, кептіру, киім-кешек сақтайтын бөлмелер мен қоймаларда кемінде 16 °С;

в) физиотерапиялық бөлмеде 28 °С артық емес;

г) медициналық жайларда, топтық, киім ілетін бөлмелерде, жатын бөлмелерде, дәретханаларда - 20 °С бастап 22 °С дейін;

д) рекреацияларда, вестибюльде, гардеробта, асүйде, киім мен аяқ киімдерді кептіру жайларында - 15 °С бастап 17 °С дейін;

е) душ қабылдау бөлмелерінде 25 °С кем емес;

ж) дәрігерлер бөлмесінде 21 °С бастап 23 °С дейін.

Барлық жайлардағы ауаның қолайлы салыстырмалы ылғалдығы 40 % бастап 55 % дейін болса, ас бөлме мен кір жуатын бөлмелерде 70 % дейін.

4.6.2.5 МДТБҰ барлық бөлмелері жақсы желдетілуі керек, сырттағы ауаның бір адамға шаққандағы 15 л/с кем емес болуы керек.

4.6.2.6 Сыртқы қабырғаларында терезе ойықтарынсыз жобаланатын топтық ұяшықтардың дәретханаларында сорғыш каналда ауа алмасуын дүркін-дүркін күшейту үшін бір-бірден осьтік көлемі шағын желдеткіштен орналастыру керек.

4.6.2.7 1-ші қабаттарда орналасқан МДТБҰ-ның ойын бөлмелерінде едендердің жылы болуы қарастырылады.

4.6.2.8 МДТБҰ-да балалардың күйіп қалмауы және жарақаттанбауы үшін, жылыту құралдары алмалы-салмалы ағаш тормен қоршалады.

4.6.2.9 МДТБҰ-да ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесіне сырт киімді кептіру шкафтарында орналасқан жылыту құрылғыларын қосады.

4.6.2.10 Жылумен қамтамасыз етудің орталықтандырылған көзі болмаған жағдайда, дербес қазандық арқылы және газбен жылытуды қолдануға рұқсат беріледі.

4.6.2.11 Ауылды елді-мекендерде орын саны 300-ден аспайтын шағын жиынтықты ауылдық ұйымдардың бір қабатты ғимараттарын пешпен жылытуға жол беріледі. Жеке есігі бар оқшауланған бөлмеден пеш жағылады.

4.6.3 Электрмен жабдықтау, электрлік жарықтандыру және әлсіз тоқты құрылғылар

4.6.3.1 МДТБҰ ғимараттарын электрмен жабдықтауды ҚР ЕЖ 4.04-106 сәйкес орындау керек.

4.6.3.2* МДТБҰ-да балалардың болатын негізгі бөлмелерінде (топ бөлмесі, киім ауыстыратын бөлме, "отбасы бұрышы", шағын топтар бойынша ойын мен сабаққа арналған бөлме, музыкалық және гимнастикалық бөлме, арена-зал, балалар үйірмесі мен секцияларына арналған бөлме) штепсельді розеткаларды еден деңгейінен 1,8 м биіктікте орналастыру қарастырылуы тиіс.

Жатын бөлмелерде, жатын аймақтары бар топтық бөлмелерде, оқшаулау палаталарында және күзет үй-жайларында эвакуациялық жарықтандыру желісіне қосылған кезекшілік (түнгі) жарықтандыруға арналған құрылғыларды қарастыру керек ***(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 23.11.2018 ж. №240-НҚ бұйрық).***

Логопед бөлмелерінде айнаның маңайына иілу бұрышы мен биіктігін ауыстыруға мүмкіндік беретін кронштейндегі (биіктігі 1,2 м) жергілікті жарықтандыратын қабырға шырағын қарастыру керек.

4.6.3.3 Жалпы үлгідегі МДТБҰ ғимараттарында мына құралдардың болуы қарастырылады:

а) радионүктелер (радиотрансляциялық желілер) - топтық бөлмелерде, музыка және гимнастика залдарында, «үй бұрышында», меңгерушінің кабинетінде, қызметкерлер бөлмесінде, шаруашылық меңгерушісінің бөлмесінде, күзетші бөлмесінде;

б) телефондар - меңгерушінің кабинетінде, медициналық кабинетте, топтық ұядағы «үй бұрышында», қызметкерлер бөлмелері мен әдістемелік бөлмеде, күзетші бөлмесінде;

в) факс - меңгерушінің бөлмесінде;

г) штепсельдік розеткалар;

д) кабельден нөл фазалы штепсельдік розеткаларды - топтық бөлмеде, оқу сыныптарында, музыка және денешынықтыру залдарында, әмбебап үйірме бөлмелерінде, меңгерушінің кабинетінде, компьютерлік ойындарға арналған бөлмеде, компьютерлік сыныпта оқытудың техникалық құралдарын қолдану үшін;

е) интернет – меңгеруші бөлмесінде, медициналық бөлмеде, топтық ұяшықтың «үй бұрышында», қызметкерлер бөлмесі мен әдістемелік бөлмеде, компьютерлік ойындар жайлары мен компьютерлік сыныптарда;

ж) орталық телевидение берілісін қабылдау үшін телевизиялық жері – топық, музыкалық және гимнастикалық сабақтарға арналған залдарда, меңгеруші бөлмесінде, әдістемелік бөлмеде;

и) жерге тұйықтау қорғанысы - физиотерапия бөлмесінде.

4.6.3.4 Есту қызметінің бұзушылығы бар балаларға арналған түзету үлгісіндегі МДТБҰ бөлмелерінде мынадай жағдайлар қарастырылады:

а) топтық бөлмеде, оқу сыныбында, музыка және денешынықтыру сабақтарына арналған залдарда еден деңгейінен 1,8 метрден аспайтын биіктікте оқытудың техникалық құралдарын пайдалану үшін штепсельдік розеткаларды орнату;

б) ортақ жарықтандыру жүйесі үшін энергия үнемдейтін және люменесцентті

шамдармен жарықтандырғандағы жарықтық деңгейі топтық бөлмелерде, сабақ сыныптарын, музыка және гимнастика залдарында - еденнен 0,5 м деңгейде көлденең жазықтықта 300 лк кем емес; киім ауыстыратын бөлмедегі еденде - 200 лк кем емес; тігінен тұрған қабырғадағы сынып тақтасындағы жарықтық деңгейі - 300 лк кем емес;

в) сабаққа арналған сыныптарда - педагог үстеліндегі басқару тетігінен сурдотехникалық құралдармен жабдықталған балалар үстеліне дейін әлсіз токты желілерді дайындауға арналған каналдар.

4.6.3.5 Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған МДТБҰ-да мына жағдайларды қарастырған жөн:

а) сабақ сыныптарында, топтық бөлмелерде және көз дәрігерінің кабинетінде - еденнен 0,5 м деңгейдегі көлденең жалпақтықтағы ортақ жарықтандыру жүйесінде жарықты қаматамасыз ету үшін ЛБ үлгідегі ақ түсті люменесцентті шамдары бар шырақтармен жарықтандыру 500 лк кем емес, сабақ сыныптарында - тік жазықтықта жарықты қамтамасыз ету үшін қабырғадағы сынып тақтасының жоғарыдан жарық түсетін жарығы - 500 лк кем емес;

б) плеопто-ортоптия бөлмелері мен көз дәрігері бөлмелерінде - құрал-жабдықты орналастыруға сәйкес еденнен 1,8 м аспайтын биіктіктегі 4 қосарлы штепсельдік розеткалар.

4.6.3.6 Ақыл-ой бұзушылығы бар балаларға арналған МДТБҰ мыналарды қарастыру керек:

а) топтық ұяшық жайлары мен изоляторда, музыкалық, дене шынықтыру сабақтарына арналған залдарда және түзету жаттығуларында – қыздыру шамы бар шырақтар немесе ЛБ типіндегі ақ түсті люминесценттік шам;

б) жалпы жарықтандырудан басқа топтық ұяшықта – демонстрациялық жоғарғы көмескі жарық және қабырға сынып тақтасы;

в) топтық ұяшықтан және медициналық бөлменің жатын бөлмесіне (кезекші медбике) дыбыстық және сыртқа шығатын палаталық сигнализация.

4.6.3.7 Түзету үлгісіндегі МДТБҰ-да негізгі өтетін жолдарда (дәліздер мен баспалдақ аймақтары) және баспалдақ басқыштарында 5 лк болатын төтенше жағдай жарығын қарастыру керек.

4.6.3.8 Түзету үлгісіндегі МДТБҰ-ның топтық бөлмелерінде, ойын, жататын бөлмелерінде, асханада, оқшаулау палаталарында, музыка және денешынықтыру залдарында қарастыру керек:

а) эритемді увиолалы (ЭУВ) немесе люминесцентті эритемді (ЛЭ) ультракүлгін сәуле көздері бөлмеде бөлмеге 3 Вт/м^2-ден кем емес еденнен 2,7 бастап 2,9 м дейін биіктіктегі есеп бойынша орналастыру керек;

б) ДБ 15 үлгідегі бактерицидті сәуле көздері бөлмеге 1 Вт/м^2-ден кем емес еденнен 2,7 бастап 2,8 м дейін биіктіктегі есеп бойынша орналасу керек.

4.6.3.9 Түзету үлгісіндегі МДТБҰ-ның логопед бөлмелерінде айнаның маңайына иілу бұрышы мен биіктігін ауыстыруға мүмкіндік беретін кронштейндегі (биіктігі 1,2 м) жергілікті жарықтандыратын қабырға шырағы орналастырылады.

4.6.3.10 Жалпы жасанды жарық барлық бөлмелерде қарастырылады. Жеке функционалдық аймақтар және жұмыс орындарына жарық түсіру үшін жергілікті

жарықтандырғыш орнатылады.

4.6.3.11 Ғимараттың сыртқы жарықтандыру құрылғысы аумақты біркелкі таралған жарықпен қамтамасыз етуі қажет. Кешкі уақытта жер телімі аумағында, сондай-ақ, санитарлық-аула құрылғыларда қызатын шамдармен жерде 10 лк кем емес, люминесцентті шамдар 20 лк кем емес, арнайы білім беру түзету мекемелерінде тиісінше, 20 лк және 40 лк нормадан тыс жасанды жарық қарастырылады.

4.6.3.12 Жалпы үлгідегі МДТБҰ ғимараттарында ортақ жарықтандыру үшін қызатын және люминесцентті шамдарды Р қосымшасына сәйкес пайдалану ұсынылады.

4.7 Пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін іс-шаралар

4.7.1 Көгалдандыру аумағына жер телімдері элементтерінің арасындағы санитарлық бөлуді қамтамасыз ететін қорғану белдеулері жатады:

а) топтық алаңдар арасы, топтық пен спорттық алаңдар арасы 3 м кем емес;

б) топтық пен шаруашылық алаңдар арасы, жалпы дене шынықтыру мен шаруашылық алаңдыр арасы 6 м-ден кем емес;

в) жер телімдері қоршаулары мен топтық немесе жалпы дене шынықтыру алаңдары арасы 2 м кем емес.

4.7.2 Жалпы дене шынықтыру алаңы екі командалық ойындар (бадминтон, пионербол, балалар теннисі) үшін тормен, балаларға арналған баскетбол қақпаларымен, тапсырыс берушінің (білім беру органдары) қалауы бойынша басқа жабдықтармен жабдықталады.

Ескертпе - Екі командалық ойындар үшін алаңдар габариті шамамен 6 м × 9 м болып қабылданады.

4.7.3 Ойын алаңдары шөп жабындарымен қамтамасыз етілуі керек. Шөп жабынынынан басқа, ішінара (бірақ, алаңның жартысынан көп емес) құм себілген немесе түйіршік тас ұнтағымен орнықтырылған қатты немесе грунт жабынын қарастыру рұқсат етіледі. Жаяужол плиткаларын қолдануға жол беріледі.

Талдар МДТБҰ ғимараты қабырғсынан 10 м жақын емес, бұталар 1,5 м жақын емес отырғызылады.

4.7.4 МДТБҰ жер телімі биіктігі 1,6 м кем емес қоршаумен қоршалған болуы керек. Қоршау көлденең бөліктермен бөлінбеуі керек, сонымен қатар, тік шыбықтардың ұшы үшкір аяқталмауы керек. Қоршаудың тік элементтерінің арасы 0,1 м артық болмауы тиіс.

Ескертпе - Өте төмен қоршауларды немесе бұта қоршамымен ауыстыруға білім беру мен мемлекеттік санитарлық қадағалау органының келісімі болған кезде жол беріледі.

4.7.5 Жер телімдеріне, сонымен қатар, ойын алаңдарына және ғимаратқа кіре берістерге сыртқы жарықтандыру қарастыру қажет. Сыртқы шамдар кемінде 1,6 м биіктікте бекітілуі керек.

4.7.6 Жер телімін қоршау құрамына тік немесе көлбеу жарық түсіретін қоршауларды ұйымдастырғанда терезе ағаштары текшелеп бөлу барысында 0,4 м артық емес бөлімдерге

немесе үшбұрыштап бөлу барысында 0,3 м × 0,6 м бөлінген қызбайтын терезе әйнегін қолдануға жол беріледі.

4.7.7 Бөлменің қандай да бір нүктесінен шығаберіске дейінгі аралық 45 м аспауы керек.

4.7.8 Жататын бөлменің қандай да бір нүктесінен есікке дейінгі аралық 15 м аспауы керек.

4.7.9 МДТБҰ-да қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін:

а) периметрлік қоршаудың болуы және аймақты жарықтандыру;

б) күзетті қамтамасыз ету;

в) күзеттің инженерлік-техникалық құралдарының (күзет-өрт дабылдамасы (КӨД), қауіп дабылдамасы, бейнеқарау мен бақылау жүйесі) болуы;

г) рұқсат етілмеген бөтен тұлғалардың енуінен сенімді қорғануды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін материалдардан орындалған кіре беріс есіктерді орнату;

д) мектепке дейінгі мекемелерді лаңкестікке қарсы қорғау бойынша қолданылатын шараларға жауапты лауазымды тұлғаны анықтау.

4.8 Аумақты мүмкіндігі шектеулі топтардың қолжетімділігін ескере отырып ұйымдастыру

4.8.1 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарын ҚР ЕЖ 3.06-101 талаптарына сәйкес жобалау керек.

4.8.2 Шығаберіс есіктерге пандустармен жабдықтайды. Пандустың ең жоғарғы еңісі 6 мм, рампаның ең төменгі ені 1 м кем емес болуы керек, оның бетіне сырғанамайтын материал төселуі тиіс. Сондай-ақ, рампалар биіктігі кемінде 0,3 м болатын кедергілермен жабдықталады.

4.8.3 Көру қызметінің бұзушылығы бар балалардың топтық ұяшықтарында топтық және жатын бөлме, топтық және дәретхана арасын бөліп тұратын аралықтарға әйнек есіктер, ойықтар қарастырған жөн.

4.8.4 Мүмкіндігі шектеулі топтарды қауіпсіздікпен қамтамасыз ету мақсатында мынадай шаралар жүргізу ұсынылады:

а) тікелей қауіпті нысандарды биіктігі 0,1 метрден кем болмайтындай етіп қоршау;

б) кедергілердің маңайына кемінде 0,6 м қашықтықта сипап сезілетін (түйсіну) ескертулер орнату;

в) аспалы белгілерді 2 метрден кем болмайтын биіктікке орнату;

г) салбырап өсіп тұрған өсімдікті кемінде 2 метр болатындай қиып тастау.

4.8.5 Ақыл-ойы кем балаларға арналған топтық ұяшықтардағы сыртқа шығыңқы бұрыштары доғалдау болуы керек (радиусы кемінде 0,05 м).

4.8.6 Тірек-қимыл аппаратының бұзушылығы бар балалар (полиомиелит пен церебральдік сал салдарынан) топтық ұяшықтарында (сыныптарында) «үстелдер аймағы» периметрі бойымен қозғалу үшін еден дейгейінен 0,5 метрден аспайтын биіктікте бекітілген тіреуіш ұстағыштармен жабдықталған еркін өтетін жолдар қарастырылуы керек. Ұстағыштың диаметрі 0,05 метрден артық емес, ал үстелдер арасынан өтетін жолдардың ені 0,75 метрден кем емес болуы қажет.

4.8.7 Соқыр және көзі нашар көретін балаларға арналған жер телімдеріндегі серуендеу жолдарының ені 3 м кем емес және екі жағында екі деңгейлі қоршау болуы

керек: биіктігі 0,9 м жақтау және биіктігі 15 см сызық белгі. Қоршау балалардың жүруіне кедергі келтіретін барлық заттарға жасалады (ағаштар, бұталар, бағандар). Қақпалар, қабырғалар, бағандар және басқа да кедергілер ойын алаңдарынан кемінде 2,5 м бастап 3,0 м дейінгі қашықтықта орналасуы тиіс.

4.9 Қоршаған ортаны қорғау

4.9.1 Қоршаған ортаға тікелей немесе жанама кері әсер көрсететін МДТБҰ орналастыру, жобалау, салу, реконструкциялау, пайдалануға енгізу, пайдалану, консервация мен тарату қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

4.9.2. Қоршаған ортаны қорғауды аз қалдықты технологияны қолдануды, қоршаған ортаға кері әсер ету көзі болып табылатын өндіріс қалдықтарын өз уақытында пайдалануды ескере отырып, сондай-ақ үздік қолжетімді технологияны ескере отырып, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен тәсілдерін қолдануды қамтамасыз ету керек.

4.9.3 МДТБҰ жер телімінің көлемін ластанудан қорғау үшін ағаш және бұтақ көшеттерінің желден және шаңнан қорғау жолақтары қарастырылады.

5 ҒИМАРАТТЫҢ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

5.1 Энергиялық ресурстарды қысқарту, жылу шығынын азайту

5.1.1 Ғимараттарда тиімділігі жоғары баламалы жүйелерді орнату мүмкінділігін (техникалық, экологиялық және экономикалық) қарастыру ұсынылады:

а) жаңартылған энергия көздері негізінде энергиямен қамтамасыз етудің орталықтандырылмаған жүйелері (мысалы, жылытуға және ыстық сумен қамтамасыз етуге арналған күн коллекторлары; аумақты жылыту және суыту үшін күн қуатын пайдалану);

б) басқа құрал-жабдықтар мен құрылғылар (мысалы, когенерациялық құрылғылар, жаңа тиімді құрылғылар, энергияның пайдалануды үйлесімдеуге арналған таймерлер, күту кезіндегі шығындарды азайту, реактивті қуатты төмендетуге арналған конденсаторларды орнату, шығыны төмен тансформаторлар);

в) жаңартылған көздерден энергияны, әсіресе, толықтай немесе жартылай алуға негізделген аудандық және блоктық жылыту мен суыту;

г) жылылық сорғылары, үнемді қазандықтар, орталықтан жылыту немесе суыту жүйелерін орнату, тиімді модернизациялау.

5.1.2 Егер олар техникалық, экономикалық және функционалдық жағынан сәйкес болса, онда ең жоқ дегенде мынадай жүйелік талаптар қолданылуы керек:

а) жылыту жүйелері;

б) ыстық сумен қамтамасыз ету жүйелері;

в) ауа температурасын реттеу жүйелері;

г) ірі желдеткіш жүйелері;

д) немесе осы жүйелердің бірігуі кезінде.

5.1.3 Суық ауа райында ғимаратқа күн сәулесін түсіріп және панель, қабырға, жабын, балкондар және т. б. арқылы жылуды сақтай отырып, ғимаратта жылуды пайдалану мөлшерін азайту үшін күн сәулесін пайдалану ұсынылады.

5.1.4 Күндізгі жарықты тиімді пайдалану жасанды жарық қолданысын біршама азайта отырып, энергияны пайдалану мөлшерін төмендетеді. Ғимараттарда мыналарды қамтамасыз ету ұсынылады:

а) жарық түсетін жақтар бойынша ғимаратты дұрыс бағыттау арқылы күндізгі жарыққа қол жеткізу;

б) күндізгі жарық түспейтін кеңістікті барынша азайту.

5.1.5 Көлеңке бастырмалар ғимаратты артық күн сәулесінен қорғауға пайдаланылуы мүмкін. Көлеңке жаппалардың құрылымы, әдеттегідей, оңтүстік қасбеттерге арналып жобаланады.

5.1.6 Энергия үнемдеуді қамтамасыз ету үшін ұсынылатын терезелер күндізгі жарық пен табиғи желдету есебінен энергия тиімділігін арттыруы тиіс:

а) ғимараттың желдету мен суытуды қажет ететін бөлігіне жел өткізетін терезелер;

б) табиғи жолмен желдетілетін ғимараттарда еден ауданынан кемінде 5 % саңылаудың (терезе немесе есік) эквивалентті ауданы болуы керек;

в) ыстық ауаны жоғарыдан шығара отырып, суық ауаны төменнен жұту арқылы ауа айналымымен қамтамасыз ететін, жоғарыдан және төменнен ашылатын жармасы бар терезелер.

5.1.7 Қуатты үнемдеуде шамды дұрыс таңдаудың үлкен мәні бар. Шамның қуат тиімділігінің жақсы көрсеткіші ол – жарық қайтарымдылығы болып саналады (люмен / ватт).

5.1.8 Ғимаратта жұмыс істейтін қызметкерлердің көпшілігі үшін ғимараттарда температураны, ылғалды, ауа шығынын реттеп жеке реттеп тұру мүмкіндігін қарастыру керек. Бөлмелердегі жылу-ылғал жайлылығын реттеу мүмкіндігі үшін төмендегілерді қолдану керек:

а) жылыту құрылғыларындағы термостатикалық элементтер;

б) берілетін жылу-суық тасымалдағыш параметрлерін орталықтан реттеу;

в) сырттағы ауаның ішке берілуін орталықтан реттеу;

г) басқарылатын терезелерді пайдалану;

д) кондициалау жүйесін орталықтан реттеу;

е) жеке реттеу мүмкіндігімен жұмыс орнына ағымды ауаны жеке жіберу.

5.1.9 Ғимараттарды жобалау кезінде жобалауға берілген тапсырыспен бекітілген және энергияны үнемдеудің аса жоғары әсеріне жетуге бағытталған талаптарды қолдануға болады.

5.1.10 МДТБҰ аумағында күн сәулесі, жел, геотермальді, су, биомасса және биогаздың аз мөлшері сияқты қуаттың баламалы түрлерін пайдалану ұсынылады.

5.1.11 Жылу сіңірудің төмен коэффициентін қамтамасыз ету үшін ғимараттың қабырғалары мен шатырын бояғанда ашық түстерді пайдалану ұсынылады.

5.1.12 Ғимараттың инженерлік жүйелері орталықтан қамтамасыз етілу жағдайында

жылу қуатын, суық және ыстық суды, электр қуатын және газды есептеу құрылғыларымен жабдықталуы тиіс.

5.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану

5.2.1 Ағаштарды отырғызған кезде климаттық жағдайларды, топырақ түрін, жауын-шашын мөлшерін, желдің бағытын, өсімдіктер күтімін, балалар мен қызметкерлердің өміріне қауіпсіздігін ескеру қажет.

5.2.2 Жылу қуатын пайдалану мөлшерін азайту үшін мынадай шараларды қолдану ұсынылады:

а) жану үдерістерін автоматтандыру арқылы ауа мен жанармай қатынасын оңтайландыру;

б) жылу тасымалдаушы ретінде пайдаланылатын суды агрессивтік газдан тазалау үшін деаэрация технологиясын енгізу;

в) жаңа жылыту қазандықтарын іске қосу;

г) жанармайдың оттегілік жану технологиясын пайдалану;

д) түтінді газдардың жылу қуатын тиімді пайдалану;

е) құбырларды жөндеу;

ж) су жіберетін үдерістерді автоматтандыру үшін жиілік өзгерткіштерді орнату;

и) орталықтандырған жүйеге қарағанда энергияны көбірек беретін сумен қамтамасыз етудің тәуелсіз көздерін пайдалану.

5.2.3 Электр қуатын пайдалану мөлшерін азайту үшін келесі шараларды қолдану ұсынылады:

а) жылытылатын суды химиялық, мембраналық, электромагниттік немесе комплексонатты тазалау;

б) «энергетикалық тор» әдісін енгізу. Электр қуатының көздерін орналастыруды оңтайландыру тұтыну орнына тасымалдау барысында оны жоғалтуды азайту үшін құралы болып табылады;

в) энергияның баламалы көздерін пайдалану.

5.2.4 Көгалдандыру жоспарын жобалаған кезде арнайы күтімді қажет етпейтін және құрғақшылыққа төзімді өсімдіктерді таңдаған дұрыс.

5.2.5 Суды пайдалану мөлшерін төмендету үшін қажетті шаралар:

а) төгу жүйесінде тазартылған немесе алдын-ала тазартылған және залалсыздандырылған жаңбыр суын пайдалану;

б) әрбір тұтынушы үшін ыстық су мен суық судың есептегіш құралдарын орнату;

в) суды шығындауға шек қоятын құрал орнату;

г) аэрацияны пайдалану, душ пен қолжуғыш шүмектеріне ағынның ылғалдатқыш әсерін және суды пайдалану тиімділігін арттыратын сушашыратқыш орнату;

д) суаруды көп қажет етпейтін өсімдіктерді егу;

е) жер телімі аумағына жергілікті климатқа үйренген өсімдіктерді отырғызу және оларды суаруға тазартылған немесе жауын суын пайдалану;

ж) пайдаланылған кәріз суын мейлінше қайта өңдеу, оларды тазалап, қайта пайдалану.

5.2.6 Топырақ эрозиясын алдын алу және шаң-тозаңды әкету үшін мынадай іс-шаралар жүргізу қажет:

а) аймаққа көпжылдық шөптерді уақытша немесе тұрақты түрде егу, жерді нығайту;

б) жердің бетін жабу, топырақ үйіндісі;

в) геоторкөздер құрылғысы, бағанды торкөздер құрылғысы;

г) өлшенген бөлшектерге торлар жасау;

д) құрылыс аймағынан шығатын автокөліктердің дөңгелектерін жууды ұйымдастыру.

А қосымшасы

(ақпараттық)

А.1-кестесі - Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің түрлері. Ғимараттар мен кешендердің тұрпаттары

Мектепке дейінгі білім беру нысандары ғимараттар мен кешендердің тұрпаттары	Оларда орналастырылатын мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің түрлері	Мекемелердің тиеслілігі, мәртебесі	Қала құрылысы шарттары
1 Жалпы үлгідегі мектепке дейінгі білім беру мекемелері	Мектепке дейінгі білім беру мекемесі: - тәрбиеленушілерді дамытуда бір немесе бірнеше бағыттарды басым жүзеге асыратын (жалпыдамыту) балабақша; - санитарлық-гигиеналық және емдеу-сауықтыру шараларын басым жүзеге асыратын қарау және сауықтыру балабақшасы; - дамуында физикалық және психикалық кемістігі бар тәрбиеленушілерге мамандандырылған түзету жұмыстарын жүргізетін өтемдік үлгідегі балабақша; - жалпы дамыту, сауықтыру және қолдау топтарын кез келген арақатынаста қамти алатын аралас сипатындағы балабақша.	Мемлекеттік мектепке дейінгі мекемелері. Ведомстволық, ұжымдық меншіктің басқа түрлері. Жеке.	Белгіленген нормативтік немесе нақты қажеттілікке және қызметтің нормативтік аумағына сәйкес.
